

БІЛІМДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР №4 (60), 2017

Республикалық ақпаратты-әдістемелік журнал
2003 жылдан бастап шығарылады

Меншік несі

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»
акционерлік қоғамының филиалы Астана қаласы
бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институты

Бас редакторы:

Л.А. Саинова, ПҚ БАИ директоры

Редакция алқасының мүшелері:

Ә. И. Чокушева, ПҚ БАИ
М. Ж. Асамбаев, ПҚ БАИ
Қ. К. Ахметова, ПҚ БАИ
Б. Ғ. Ғалымжанов, ПҚ БАИ
Л. К. Боранбаева, ПҚ БАИ
Г. Қ. Дәулетбаева, ПҚ БАИ
Н. А. Клименко, ПҚ БАИ
В. И. Нурмаганбетова, ПҚ БАИ
Ж. С. Нурмаганбетова, ПҚ БАИ
М. А. Аскарова, ПҚ БАИ

Дайындаған редактор:

О. А. Бегалина
Ә. С. Жұматаева

Әрлендірген және қалыптаған:

Н. Ж. Исенов

Жазылым бойынша таратылады:

«Қазпошта» каталогы, индексі 75584

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген. Лицен-
зия № 3463 - Ж, 2002 ж., 21 желтоқсан

Журнал зарегистрирован Министерством культуры,
информации и общественного согласия Республики
Казахстан Лицензия № 3463 - Ж от 21 декабря 2002 г.

Редакцияның мекен-жайы:

Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 18
Телефон/факс: 8 (7172) 48-76-85

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін
білдірмейді. Қолжазбалар және суреттер
рецензияланбайды және қайтарылмайды

Позиция редакциясы не обязательно совпадает
с мнением авторов. Рукописи и фотоснимки не
рецензируются и не возвращаются

Дана / Тираж:
500

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА

Адинаева К. К. *Инновационные изменения
в системе образования Республики Казахстан*.....2
Есембаева Г. Б. *Развитие профессиональной
компетентности на курсах повышения квалификации педагогов*.....4

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР / ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ

Әлмағамбетов Қ. *Жаңартылған білім беру бағдарламасын жүзеге
асырудың алғы қадамдары*.....7
Нәлібаева Г. Р. *«CLIL» - үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге
асырудың тиімділігі*.....10
Айтжанова Ж. Р., Әбдіманапова Л. С. *Үш тілді білім беру жүйесі:
CLIL әдісінің мәніне шолу*.....14
Нургалиева С. Д. *Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында
мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық іс-әрекетін басқару*.....18
Рамазанова Ж. М. *Коучинг және менторинг педагогтердің
кәшбасшылық қасиеттерін дамытудың тиімді формасы ретінде*.....20
Ашимбетова Р. Д. *Эссе как форма итоговой аттестации
учащихся школ*.....23
Погожева Е. Ю. *О научно - методическом сопровождении
пилотных школ по корпоративному обучению*.....27
Нурмаганбетова Ж. С. *Развитие профессиональной компетенции
учителя русского языка и литературы в
рамках обновления содержания среднего образования РК*.....31

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ АКТУАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Сәрсембина Қ. Қ. *Шәкәрім философиясы және мұсылман діні*.....33
Сәрсембин Ү. Қ. *Ислам ілімі және қазақ ойшылдарының ізгілік-әдептілік
жөніндегі ой толғамдары*.....37
Құдайбергелұлы Б., Қасымбекова Г. К. *«Мәңгілік Ел» ұлттық
идеясы аясында дарынды балаларды дамыту*.....42
Қыпшақбаева А. Қ. *Ағылшын тіліндегі антропонимдік бүркеншік
атаулардың әлеуметтік мәні*.....46
Боранбаева Л. К. *Тьюторское сопровождение
профессионального развития педагогов*.....52

БІЛІМ БЕРУ: МОДЕЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ / ОБРАЗОВАНИЕ: МОДЕЛИ И МЕТОДЫ

Мұратбаева Г. А., Қоңырбаева С. С. *Білім берудің заманауи
трендтері: маңызы, мазмұны мен тиімділігі*.....55
Шапошникова М. И. *Педагогические условия формирования
исследовательских умений младших школьников в процессе
проектной деятельности*.....61
Штоль Л. С. *Формирование исследовательских навыков
у младших школьников на уроках математики
в условиях обновления содержания образования*.....65

МЕКТЕПКЕ ҚАДАМ: МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕ СТУПЕНЬКИ К ШКОЛЕ: ДОШКОЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ

Жұмабекова Ф. Н. *Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың
сапасын арттыру жолдары*.....68
Косжанова А. Т. *Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін
дамыту*.....72
Азенова Б. А. *Обучение русскому языку в казахских группах
детских садов*.....75

ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ / ИСКУССТВО ВОСПИТАНИЯ

Сәмет Зағипа. *Мәңгілік Елдің мұраты - тәуелсіздік!*.....78
Серкебаева Р. Н. *Мәңгілік Ел – Рухани Жаңғыру*.....80

ИННОВАЦИОННЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Адинаева К. К.,
методист управления
образования г. Астаны

Для чего учить? Чему учить? Как учить? Вот главные вопросы, которые стоят сегодня перед современным учительством Казахстана. Традиционное обучение базируется на принципе доступности, когда учащийся выступает в роли объекта педагогических действий. Такое обучение ориентировано на усвоение определённой суммы знаний и развивает обыденное мышление, эмпирический способ познания. Решая конкретно-практические задачи, учащиеся усваивают частные способы, вследствие чего формируется индивид, способный к исполнительской деятельности. Инновационное развивающее обучение опирается на зону ближайшего развития, нацелено на усвоение способов познания как конечной цели учения, развивает теоретическое мышление и теоретический способ познания. Учащийся действует как субъект собственной учебной деятельности, и на первый план выступают учебные задачи, решая которые, учащиеся усваивают общие способы умственной деятельности. В результате формируется личность, способная к самостоятельной творческой деятельности. А какие качества необходимы современному выпускнику? Глубокие и прочные знания, воспитанность, интеллектуальные и творческие силы, умение учиться и способность к саморазвитию.

Создание в Казахстане современной высокоэффективной системы образования является одним из важнейших условий для достижения стратегической цели, поставленной Президентом Нурсултаном Назарбаевым для вхождения в

число 30 наиболее конкурентоспособных государств мира. В своих выступлениях Глава государства подчеркивает необходимость пробуждения интеллектуального потенциала нашей нации.

«Наша задача - изменить отношение казахстанцев и, в первую очередь молодежи, к образованности, к интеллекту, служению родине и народу. Нам необходимо создать ядро национального интеллекта, нам нужны эрудированные люди, способные конкурировать на международном уровне».

«Образование должно давать не только знания, но и умения их использовать в социальной адаптации. Необходимо продолжить работу над развитием функциональной грамотности учащихся (из выступления Н. А. Назарбаева).

Для внедрения инноваций прежде всего изучается международный опыт, проводится анализ действующей системы, проводятся исследования и апробации. При этом ведется широкая разъяснительная работа среди педагогической и родительской общественности, ученых, депутатов и представителей неправительственных организаций.

В системе среднего образования произведены следующие изменения: обновление содержания образования, подготовка к переходу на трехязычное образование, сокращение объема домашнего задания примерно на 1/3, переход на пятидневную учебную неделю обучения в начальной школе, внедрение единого базового учебника, подготовка учебников со шрифтом Брайля для детей с на-

рушением зрения, итоговая аттестация и новый формат ЕНТ. Главная задача всех изменений в школьном образовании - поднять качество обучения.

Какие изменения осуществляются в текущем 2017-2018 учебном году?

Во-первых, в 2017-2018 учебном году на обновленное содержание образования и пятидневное обучение перешли 2-е, 5-е, 7-е классы. На новую критериальную систему оценивания постепенно переходят учащиеся 1-х, 2-х, 5-х и 7-х классов.

Основной целью такой системы определяют объективное оценивание с четкими критериями, позволяющими обеспечить качественное оценивание и развитие личности. Поэтапно осуществляется уход от привычной пятибалльной системы оценок и заикливания на самих оценках. Вместо оценок ученики будут получать анализы и рекомендации от учителя. Новая система должна максимально мотивировать учащихся: они должны не просто бояться плохих оценок, а думать об уровне собственных знаний.

Во-вторых, продолжается поэтапный переход на пятидневную учебную неделю в начальной школе и сокращение объема домашнего задания.

В-третьих, продолжается внедрение единого базового учебника по каждому предмету для организаций образования, реализующих общеобразовательные учебные программы начального образования.

Ведется работа по подготовке к обучению в старших классах предметов естественно-математического цикла на английском языке. При этом обучение на английском языке будет осуществляться по желанию учеников и родителей по мере подготовленности педагогов.

В 2017 году в 692 школах началось преподавание предметов естественно-математического цикла на английском языке за счет вариативной части учебно-

го плана.

В текущем году в ЕНТ приняли участие 88 595 выпускников школ. Новый формат касается содержательной части ЕНТ: расширено использование тестов уровня логического мышления, базовых компетенций, то есть на функциональную грамотность, исключен момент угадывания и заучивания учебного материала, что дает возможность оценить реальные знания, способности абитуриента.

Учитель должен обращаться не столько к памяти учащихся, сколько к их разуму, добиваться понимания, а не одного запоминания.

Ф. И. Янкович де Мариево

Теперь мы развиваем функциональную грамотность учащихся 21 века. Именно, мы, учителя Казахстана, дадим нашим детям, в первую очередь, общую грамотность, т.е. научим их писать сочинения, рефераты, считать без калькулятора, писать заявления, заполнять различные бланки, анкеты. Одна из наших задач - дать детям компьютерную грамотность. Они должны будут уметь работать в сети интернет, использовать офисные программы, владеть умением обрабатывать фотографии и монтировать видео. Дети 21 века должны также уметь действовать в чрезвычайных ситуациях. И мы с вами научим их оказывать первую медицинскую помощь, обращаться за экстренной помощью к спецслужбам, грамотно вести себя в ситуациях угрозы личной безопасности. Наши дети получат информационную грамотность. Они будут уметь находить и отбирать необходимую информацию, читать чертежи, схемы, графики, использовать информацию СМИ, пользоваться алфавитным и систематическим каталогами библиотеки. Новое содержание образования даст к тому же нашим детям коммуникатив-

ную грамотность, поможет им овладеть иностранными языками. Учащиеся научатся работать в группе, приспосабливаться к новым ситуациям, переводить любой текст со словарём, рассказывать о себе, своём городе, стране, друзьях, понимать инструкции на упаковках товаров. И, наконец, дети 21 века, так сильно зависящие от виртуального мира, получат навыки грамотности при решении бытовых проблем. То есть они научатся выбирать продукты, товары и услуги, планировать бюджет семьи, пользоваться техническими бытовыми устройствами,

ориентироваться в незнакомом городе, пользуясь картой, справочником. Кроме того учащиеся овладеют правовой и общественно-политической грамотностью. Они будут уметь отстаивать свои права и интересы.

«Образование должно быть наполнено новым качеством и содержанием» - сказано в государственной программе развития образования на 2011-2020 годы. И оно будет таким, благодаря нашей с вами работе, уважаемые коллеги.

Литература:

1. Послание Президента РК Н. Назарбаева народу Казахстана, 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: Глобальная конкурентноспособность».
2. Н. Назарбаев «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».
3. Государственная программа развития образования и науки РК на 2016-2019 годы.

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ НА КУРСАХ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ

Есембаева Г. Б.,
главный специалист академического отдела
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана

Качественное образование невозможно получить без подготовленных, квалифицированных педагогов. Именно поэтому передовые образовательные системы сосредотачивают внимание на повышении качества работы педагога, поскольку именно этот фактор оказывает прямое влияние на уровень образования обучающихся. Педагог XXI века – основной носитель обновляющейся информации, что вызывает необходимость постоянного совершенствования профессионального развития, т.е. не-

прерывного профессионального роста.

Повышение уровня и качества деятельности учителя на новую ступень в условиях обновления содержания образования является приоритетной задачей образовательной политики государства. Основным фактором развития общества являются социально-педагогические процессы, сопровождающие изменения, происходящие в жизни отдельного человека и общества в целом.

Статус педагога определяется его интеллектуальным, профессиональным

уровнем, его личностными качествами, на совершенствование которых должна быть направлена деятельность всей системы повышения квалификации.

Система повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан базируется на научно-методологических основах «образования для взрослых», встроена в общий образовательный процесс и вносит свой значительный вклад в повышение профессиональной компетентности учителя в рамках обновления содержания образования.

В нашей стране осуществляется ряд мер, направленных на повышение профессионального и социально-экономического статуса учителя, разрабатываются научные подходы по определению перспектив повышения профессионального мастерства учителя с учетом международного опыта в данной области. Следует назвать такие принципы повышения квалификации, как непрерывность, преемственность, гармоничность, последовательность, всесторонняя поддержка педагогов, стремящихся повысить свой профессиональный и личностный уровень.

В развитии профессиональной компетентности учителя можно выделить три направления:

- повышение профессиональной компетентности в процессе получения высшего образования;
- развитие профессионального уровня при обучении на краткосрочных и продолжительных по времени курсах;
- повышение уровня профессионализма путём самообразования.

В современных условиях важное значение приобретают теоретические и практические подходы к процессу повышения профессиональной компетентности и механизмы их внедрения.

Эффективность системы повышения

квалификации педагогов также зависит от научно-педагогического потенциала профессорско-преподавательского состава институтов и центров повышения квалификации учителей. Повышение педагогической квалификации как основная составляющая часть образовательной системы предполагает не только обновление содержания обучения, но и связано со всеми особенностями учебно-воспитательного процесса. При организации образовательного процесса в современных условиях педагогические работники должны ориентироваться на следующие основополагающие принципы:

- принцип гуманизации;
- принцип индивидуализации;
- принцип дифференциации;
- принцип демократизации;
- принцип интеграции.

Для роста и совершенствования профессионального мастерства педагогов используются разнообразные формы работы. Способы методической работы отбираются с учетом категории педагогов, уровня их подготовленности, стажа и образования.

Важно отметить, что традиционные формы, в которых большое место место по-прежнему занимают доклады и прямая передача знаний, утрачивают свое значение из-за низкой эффективности и недостаточной обратной связи. Сегодня необходимо вовлекать педагогов в активную учебно-познавательную деятельность посредством применения приемов и методов, получивших обобщенное название «активные методы обучения». Они строятся в основном на диалоге, предполагающем свободный обмен мнениями о путях решения той или иной проблемы, на самостоятельное овладение знаниями в процессе активной познавательной деятельности:

- коллективные деловые игры;

- творческие и проблемные группы;
- мастер- классы;
- педагогические тренинги;
- самообразование;
- конкурсы профессионального мастерства.

В настоящее время в систему повышения квалификации педагогов РК внесены значительные изменения: повышение квалификации проводится по тематическому плану, программам, утвержденными МОН РК с выдачей сертификата государственного образца; программы краткосрочных курсов ПК имеют модульную структуру; осуществляется краткосрочное повышение квалификации по актуальным вопросам модернизации образования для педагогов всех уровней образования и научно-педагогических работников педагогических вузов, по программам перехода на обновленное содержание среднего образования; ведутся предметно-языковые курсы для учителей информатики, биологии, физики и химии на английском языке; по нравственно-духовному предмету «Самопознание».

Образование в любом месте, в любое время- это девиз разработанных курсов формата «Blended learning». Симбиоз очных тренингов, он-лайн обучения и дистанционного обучения позволяет выстраивать индивидуальную траекторию обучения, не отрываясь надолго от основного места работы, что усиливает

самостоятельную деятельность учителя, и углубляет его информационно-коммуникационную компетентность.

Основные цели смешанного обучения в системе повышения квалификации:

- разработка и реализация актуальных образовательных программ повышения квалификации, соответствующих современным требованиям образовательной политики, инновационным процессам в образовании;
- внедрение дистанционных образовательных технологий в процесс повышения квалификации педагогических кадров;
- внедрение современных педагогических технологий, в том числе и информационно - коммуникационных, с опорой на практическую деятельность педагогов;
- предоставление качественных образовательных услуг по программам дополнительного образования педагогических кадров;
- создание благоприятных условий для обучения слушателей и повышение ресурсной эффективности образовательного процесса.

Таким образом, главным показателем эффективности и результативности повышения квалификации педагогов является образованность и компетентность учителя.

Литература:

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 г.*
2. *Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 –2020 годы.*
3. *Положение об организации образовательного процесса в режиме смешанного обучения в системе повышения квалификации педагогических кадров АО «НЦПК «Өрлеу»*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ АЛҒЫ ҚАДАМДАРЫ

Әлмағамбетов Қ,
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
Павлодар облысы бойынша ПҚ БАИ

Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену қажет. Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында білім саласына байланысты «Орта білім жүйесінде орта мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек» – деген еді. Бүгінде сол Жолдауы жүзеге асырылып, білім саласында үлкен өзгерістер болып жатыр. Соның бірі – орта білім беру мазмұнының жаңаруы [1]. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы да нәтижелі білім жүйесіне ұмтылуда. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақсы тұстары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «ХХІ ғасыр

дағдысы деп» жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. ХХІ ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Бұл Бағдарламада Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы әзірлеген құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым қолданылады. Бұл ретте құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады. Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталады. (1-кесте).

Құндылықтар	Дағдылар
<ul style="list-style-type: none"> • шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; • қарым-қатынас жасау қабілеті; • өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; • жауапкершілік; • денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; • өмір бойы оқуға дайын болу. 	<ul style="list-style-type: none"> • сын тұрғысынан ойлау; • білімді шығармашыл тұрғыда қолдана білу қабілеті; • проблемаларды шешу қабілеті; • ғылыми-зерттеу дағдылары; • қарым-қатынас дағдылары; • жеке және топта жұмыс істей алу қабілеті; • АКТ саласындағы дағдылар.

Әр пән бойынша білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген [4]. Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалаудың спиралділік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);
- таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;
- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттарда пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру;
- бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;
- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;
- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде технологияландыру болып табылады [4].

Қазіргі заман елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал мемлекеттің дамуы сол елдің азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан білім беру жүйесін болашақтың талабы мен мүддесіне сәйкес дамытуымыз керек. Қай кезде, қай заманда болмасын жеке тұлғаның адам болып қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етіп отыр.

«Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы аясында» өткізіліп отырған біліктілікті арттыру курстарының тренері ретінде айтарым, жаңартылған білім беру бағдарламасы мазмұны аясында тек өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін өзінің бар ғұмырын арнайтын мамандар ғана сапалы да, саналы еңбек ете алады деп ойлаймын.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын игі бағдарлама. Осы аталған бағдарлама бойынша түсінгенім мен ұғынғаным өте мол. Жаңартылған білім беру бағдарламасын іс-жүзіне асырудың алғы қадамдары қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізу, теорияны тәжірибемен байланыстыру, алған білімдерін өмірде қолдана алу, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану, тілдік дағды бойынша коммуникативтік ортаны құру, жеке, жұппен, топта, үштікте жұмыс жасай білу, функционалдық сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерін меңгеру болып табылады [2]. Курс барысында тыңдаушыларға бірлескен оқу, бірлескен жазылым, моделденген жазылым мен оқылым, өз бетінше жазу, мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым мен оқылым, критериалді бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары, интербелсенді оқыту, жоспарлау, оқу мақсаттарының жүйесін, спиралді оқыту қағидаттарын сабақ барысында жүзеге асырып отырдым. Курс басында тыңдаушылар бағдарламаның негізгі мақсатын түсінбей келеді. Үш аптанынтымақтастық жұмыстың арқасында

көп нәрсені игерумен қатар, тәжірибеде қолдануды үйреніп, курс соңында күтілетін нәтижеге қол жеткізеді. Яғни, оқу мақсаттарын меңгере отыра жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын дескриптор құру арқылы критериалді бағалауға шығудың жолдарын қарастырамыз. Ата-аналарға рубрика толтырумен қатар модерацияға тоқталамыз. Курс басында әр тыңдаушыға жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша құжаттар пән бойынша оқу бағдарламалары, оқу жоспары, критериалді бағалау нұсқаулығы, ұзақ, орта, қысқа мерзімді жоспарлаудың шаблондары мен үлгілері таратылып, тәжірибеде қолданудың жолдары көрсетіледі [5]. Сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын бір-бірімен байланыстыру жолдарын, қалай жетілдіру керектігі туралы бағыт беріледі. Тапсырмалар «спиралді» тәсілмен берілгендіктен, қарапайымнан күрделіге қарай бірте-бірте білім, білік дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылаудан тәжірибе арқылы өмірде қолдана алу мүмкіндігіне ие болады [4]. Бастауыш білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді. Үштілді білім беру іс жүзінде мынадай жолдармен іске асырылады: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің халықаралық стандарттарға сәйкес деңгейлік меңгерілуін қамтамасыз ету, сабақтан тыс жұмысты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұйымдастыру. Бастауыш білім

берудің базалық мазмұны білім беру саласы бойынша бастауыш білім берудің басты миссиясына сәйкес айқындалады, оған сәйкес білім алушыны тек оқытып қана қоймай, сонымен бірге оның рухани дамуының және әлеуметтік маңызды дағдыларының іргетасын қалау керек [3].

Білім беру мазмұнын жаңарту - «білім» және «шеберлік», оқу үдерісін дұрыс талдау, білім беру сапасын, және оқытудың жаңа технологияларын пайдалану мүмкіндігін жақсарту жүйелі тәсілдерді ұғымдардың мағынасына жаңа көзқарас болып табылады. Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқып мазмұнын айтумен ғана шектеліп қалмайды. Сол мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастырып, себебін анықтап, бір-бірімен диалог арқылы болжам жасауға, өзіндік бағалауына, дереккөздерден ақпараттарды жинауға үйренеді. Жаңа білім беру мазмұны бағдарламасында критериалді бағалау арқылы бағалануы оқушылардың оқу жетістіктерін нақты айқындап, оқу үдерісінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі, бастауыш білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сай критерийлермен салыстыруға бағытталған бағалау үдерісі.

Критериалді бағалау - оқыту, тәлім-тәрбие беру және бағалаудың өзара байланысына негізделген. Бұл бағалау жүйесінің оқушы үшін ерекше екендігі тәжірибе барысында байқалды:

- Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады.
- Оқушының өз бетімен жұмыс жасап, тұжырым жасауына ықпал етеді.
- Мұғалім үшін қай оқушының қандай деңгейде екендігін байқауға мүмкіндік береді.
- Оқушының өзара бірін бірі бағалауын қалыптастырады.
- Ата-ана өз баласының қай оқу мақсатынан төмендігіне көз жеткізіп, сол

бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік жасап отыр.

- Әр мұғалім қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын жасау арқылы өздерінің кәсіби бағытта дамуына қол жеткізетіндігі [4].

Сонымен қатар курс кезінде мұғалімдер қиналған тұстары да болды. Атап өтетін болсам: оқу мақсаттарының кіріктірілуі, берілген 8 ортақ тақырыптың пәнаралық байланысы, критериалді бағалау тапсырмаларына дескрипторды Блум егістіктеріне сай дұрыс құра алмауы, қысқа мерзімді жоспарлауда мұғалім белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдай алмады. Бірақ күнделікті оқыту үдерісінде тәжірибемен қатар ұштасып

келетінін түсінді. Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мақсаты оқушы алған білімін өмірде пайдалана білу. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған, «ойнай отырып, ойлан» ұстанымынан тұрады. Яғни сабақта оқушы мен оқушы, оқушы мен мұғалім бірін бірі диалогке түсу арқылы, жұпта, топта, үштікте жұмыс жандана түседі. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Әдебиеттер:

1. ҚР Президентінің 2014 жыл 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы
2. Ж. Жонтаева «Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту» || Білімді ел || 16 тамыз, 2016 ж. №15.52.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгейі. 2012 ж.
4. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016 ж.
5. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.

«CLIL» - ҮШТІЛДІЛІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛГІ

Нәлібаева Г. Р.,

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ, бас маман

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттарының бірі жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады [1]. Бағдарламаның жаңашылдығы мұғалімдердің үш тілдегі білімге

кезең-кезеңмен көшу жағдайында «Teaching Knowledge in Content and Language Integrated Learning» (бұдан әрі – ТКТ CLIL) қолдану дағдыларын меңгеру арқылы пән мен тілге кіріктіріп оқыту тұрғысында жаратылыстану ғылымының бағыты бойынша біртұтас әдістемелік практикалық-бағдарланған

жүйенің әзірленгендігі болып табылады. Практикалық бөлігі микрооқытуға (microteaching) арналған фокус арқылы таныстырылымдық және ашық көрсетілімдік сабақтарды бақылау мен талдау топтамасын қамтиды. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді және жүзеге асыруды талап етеді. Бағдарламада ТКТ және ТКТ CLIL ұстанымдары базасында кәсіби құзыреттіліктерді дамыту арқылы ағылшын тілінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту әдістемесіне сүйене отырып, әрбір модульде ағылшын тілін спираль тәрізді жетілдіру деңгейінің ұстанымы көрсетілген.

Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек.

Н. Ә. Назарбаев

Қазіргі заман талаптарына сай білім беру жүйесі де жетіліп, жаңа қырларын ашуда. Демек, бұл орта білім берудің мазмұнын жаңарту болып табылады. Бұл оқытудың құзыреттілікке бағдарланған оқыту моделіне біртіндеп өтуге жағдай жасайтын білім беру жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлеуді, жүзеге асыруды және оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі емес әдістері мен түрлерін, сондай-ақ түрлі пәндерді кіріктіріп оқыту сабақтарын қолдануды талап етеді.

Мұндай бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Аталған бағдарламаны орындаудың негізгі жолдарының бірі пәнді (информатика, физика, химия, биология, жара-

тылыстану) және тілді кіріктіріп оқыту бойынша оқу-әдістемелік құрал әзірлеу болып саналады [2].

CEFR тілдік құзыреттілік еуропалық шкаласына сәйкес А2 деңгейінен В2 деңгейіне дейін мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін жетілдіру және ағылшын тілінде жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (бұдан әрі – ЖМБ пәндер) оқыту әдістемесін меңгеруі бағдарламаның мақсаты болса, бағдарламаның міндеттері:

- 1) ағылшын тілін меңгеру деңгейін кезең-кезеңмен жетілдіру;
- 2) АКТ CLIL ағылшын тілінде ЖМБ пәндерін кіріктіріп оқыту әдістемесінің негізінде оқытудың ерекшеліктерін зерделеу;
- 3) ЖМБ пәндері бойынша ХХІ ғасыр дағдыларына сәйкес оқытудың белсенді әдістерін пайдаланып, АКТ CLIL әдісі бойынша сабақты жобалау біліктерін қалыптастыру;
- 4) оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолдану бойынша педагогтердің құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Кіріктіріп оқыту дегенде ең алдымен сабақта пәнаралық байланыстарды дамытуды қарастыру маңызды екені ескеріледі. Тіл мен пәнді пәнаралық байланысты жүзеге асырып оқыту танымдық міндеттерді, ұсыныстар жасауды, оқушының шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға көп жағдай жасалады.

Ағылшын тілі арқылы жаратылыстану-математика бағытындағы атап айтқанда, физика, информатика, биология, химия пәндерін кіріктіріп оқытудың ұстанымдары мен тәсілдерін қазіргі білім жүйесінде кеңінен, ауқымды түрде қарастырып жатқаны мәлім.

Жаратылыстану бағытындағы

пәндерді оқыту контексінде Қазақстандағы ең маңызды тіл – ағылшын тілі болып саналады, сондықтан да кіріктіріп оқытудың негізін ағылшын тілі сабақтары алады. Ағылшын тілін оқыту процесіне кіріктіруді енгізу - ең алдымен, оқушының сабақ үстінде дамуы мен оның психологиялық жағдайын ескере отырып, оқытуды нығайту мүмкіншіліктеріне бағытталған.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үштілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді.

CLIL оқу процесінде мазмұн мен тілді кіріктіру әдістемесі болып табылады: шетел тілін қолдану арқылы пән мазмұны зерделенеді және сонымен қатар бір уақытта тілдік құзыреттілік деңгейі мен пәнді үйренуге деген уәждеме көтеріледі. Және бұл жерде мазмұнды (контентті) зерделеу тілді үйренбей мүмкін емес сондай-ақ, тілде де мазмұннан және мәнмәтіннен оқшаулана сөйлеу мүмкін емес.

Тілдік бойлау (сіңу) бағдарламалары – бұл оқытылуында екі немесе одан да көп тіл қолданылатын бағдарламалар. Оның бірі ана тілі болса, екіншісі – шет тілі. Тілдік бойлау (сіңу) бағдарламалары Канаданың Монреаль қаласынан Квебек провинциясында ағылшын тілінде оқитын балалар үшін Канаданың екі ресми тілін де – ағылшын және француз тілдерін үйренуге мүмкіндік беретін бағдарламалар жасалған кезден бастау алады.

Ағылшын тілін жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіріп оқыту арқылы оқушыларды білім алуға қызығушылықтарын арттыруға, оларды ғылыми тіл дағдыларын дамытуға, химиялық элемент терминдерін ана

тілінде ғана емес, ағылшын тіліндегі баламасын қолдануға және олардың ағылшын тілінде сауатты түрде «Үштілділік» ұлттық жоба аясында білімін дамытуға болады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының ерекшеліктері:

- Оқушыларға алған білімдерін оқудағы және өмірдегі мәселелерді шешуде пайдалануды үйретуге бағдарлау;
- Тілдерді деңгейлік үйретуді ұйымдастыру;
- Пәндерді кіріктіру;
- Жаңа пәндерді енгізу;
- оқуға арналған пәндерді жоғары мектепте таңдау құқығы;
- Жоғары оқу орындарына түсуге мақсатты түрде дайындалу;
- Бағалаудың критерийлік жүйесі.
- Осы бағдарлама негізінде оқушылардың дағдыларын дамыту;
- Сын тұрғысынан ойлау;
- Білімдерді шығармашылықпен пайдалана білу;
- Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру.

Сонымен бұл әдіс оқушылардың тілдік қарым-қатынас қажеттілігі мен мүмкіндіктерін ана тілінде ойлануларына жағдай жасайды және бір мезгілде екі пәнді бірдей оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, алайда негізгі назар тілге де, тілдік емес пәнге де аударылуы мүмкін. Сондай-ақ, ағылшын тілін жаратылыстану бағыты пәндерімен кіріктіріп оқыту барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерін атайтын болсақ:

1. Оқушылар арасында диктанттар жүргізу.
2. Диалогтік немесе монологтік түрде оқушыларды бір-бірімен тілдесуін дамыту бойынша жаттығулар орындау.
3. Жаңа мәтіндер арқылы оқушылармен жұмыстар жасау.
4. Сөздер мен сөйлемдерді жаздыру

арқылы бір-бірімен өзара тексерулер жүргізу.

5. Қолданылған мәліметтің көлемін артырып отыру.

6. Оқушыларды әр-түрлі терминдерді жатқа айтуға дағдыландыру [3].

Сонымен қатар, еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып, нығайған шақта ағылшын тілін еркін меңгеріп, кезкелген салада ағылшын тілін қолдана отырып, қарым-қатынас жүргізе алатынын жас ұрпақты тәрбиелеуде әрбір педагог ұстаз айқын біледі. Осы мақсатқа жету жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымы қаншама.

Қорытындылай келгенде, кіріктірілген сабақтарды ағылшын тілін толық меңгерген дайындығы жоғары дәрежеде болса, жаратылыстану пәндерінің мұғалімдерінің өзі де өткізе алады, бірақ қазіргі таңда жалпы орта мектептерде кіріктірілген сабақтарды пән мұғалімі мен ағылшын тілінің мұғалімі бірігіп жүргізуде.

«Химия (физика, биология, информатика) мұғалімі – ағылшын тілі мұғалімі - оқушылар» үшбұрышының тілдесуінен туындаған қызығушылықтың әсерінен оқу материалын қабылдау, бақылау белсенділігі артады, сезімдік және

логикалық ойлау жанданады, қиялдың жұмыс істеу қарқыны ұлғаяды.

Көптілділік біздің қоғам үшін 2006 жылғы Елбасының «Тілдердің үштұғырлылығы» – «Триединство языков» - «Trinity of languages» тұжырымдамасынан бастау алды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек», - деген болатын [4]. Елбасымыздың осындай қанатты сөздерінің астарында үлкен сенімнің бар екенін аңғарамыз. Бұл сенімді орындау үшін жасөспірімдер мен жас ұрпаққа үлкен жол көрсетуіміз керек, сондықтан біз жаратылыстану пәндерін соның ішінде, химия сабақтарын ағылшын тілінде байланыстыра оқыту арқылы сабақ барысында қосымша берілетін терминдер сөздігімен оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қорын қалыптастыруға және бәсекеге қабілетті болардай білімін толықтыруға өз көмегімізді тигізе аламыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. 2016 ж., 1 наурыз.
2. «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасын іске бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығы.
3. ҚР Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 ж., 14 желтоқсан.

ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: CLIL ӘДІСІНІҢ МӘНІНЕ ШОЛУ

Айтжанова Ж. Р., Әбдіманапова Л. С.,
*«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Астана қаласы
бойынша ПҚ БАИ ЖҒ(ғ)ПОӘМИТ
кафедрасының аға оқытушылары*

Еліміздің білім беру саласында бір-ер жылдың көлемінде пәндердің оқытылуында өзгерістер болатындықтан, оған қызу дайындық шарасы жүріп жатыр. 2016-2020 жылдарда орындалуға тиіс көптілді пәндік оқытудың екінші кезеңінде үш тілде бірдей оқыту сынға түспек. 2018-2019 оқу жылында 6-сыныптан бастап «Қазақстан тарихы» орыс мектептерінде қазақша жүргізілсе, «Дүние жүзі тарихы» қазақ мектептерінде орысша жүргізіледі. Ал, 2018-2019 оқу жылынан бастап жоғарғы сыныптарда «Информатика», «Химия», «Биология», «Физика» пәндері ағылшын тілінде оқытылады [1, 6-76б.]. Осы мақалада үш тілді білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдісін енгізуге қатысты әдістемелік маңызды ақпараттар талданады. Бұл жаратылыс тану бағытындағы мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағдар береді. Мақалада бірінші CLIL әдісінің өзегіне шолу жасалады, кейін Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарлама мазмұны беріледі. Соңында, мұғалімдердің CLIL әдісін қолданудағы тәжірибелерін зерттеген отандық зерттеуге талдау жүргізіледі.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру жолында CLIL немесе пәндерді кіріктіріп оқыту әдісі арқылы – гуманитарлық пәндерді кіріктіріп оқыту әдісі де, командалық оқыту, пән мен тілді біріктіріп оқыту, тілдік ортаға ену сияқты әдістер бір-бірінен туындап, бір-

бірінің жетіспей жатқан осал жақтарын толықтырып, жаңа бір белеске шығып келеді. Себебі, мұғалімдер оқушыларды анализдеу, себеп беру, дәлелдеу, шешім қабылдау, түсіндіру сияқты сыни тұрғыдағы танымдық ойлау қабілеттерін (cognition) және пәнді (content) меңгеруге бағыттайды; сонымен қатар мұғалім мен оқушылардың және оқушылар мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы (communication) негізінде оқу үрдісі жүзеге асырылады; яғни, осы үрдісте оқушылардың толеранттық, бірегейлік сынды қоғамдық қатынасқа қажетті негізі дағдыланады (culture) сонымен қатар, өзіне және айналасына жауапкершілікпен қарауды сезіну түйсігі (citizenship) қалыптасады деп күтіледі. Осы аталған түсініктер «4Cs: content, communication, cognition, culture немесе citizenship» CLIL әдісінің ең басты қағидаты [2, 5б.]. Пән мұғалімдері осы қағидаттарды өз тәжірибелерінде негізге алу керек деп есептеледі. Осы принципке сәйкес өз пәнін ағылшын тілінде жүргізе алған мұғалім үш тілдік білім беру үрдісінде жаңа белеске шығуы мүмкін.

CLIL әдісін, ағылшын тілін жақсы меңгерген ұстаз, шебер және тәжірибелі пән маманы болып қалыптасып, сабақ бере бастаған кезде, кіріктіріп оқыту әдісі қала бастауы да мүмкін. Ал гуманитарлық пәндерде кіріктіріп оқыту жағы жандана түсуі мүмкін. Өйткені үш тілді салыстырмалы түрде оқытқан ұстаздар тіл үйрету мақсатына тезірек

жетері анық. Дегенмен де оларға да қойылатын талап – тіл тазалығы. Әсіресе, ана тілінің, әдеби тіл нормаларын қатаң сақтауға міндетті екенін ұмытпағаны жөн.

Алдымыздағы жылдарда көп пәнді меңгерген, үш тілді жетік білетін бес-аспап ұстаздар саны артуы ықтимал. Бұл дегеніңіз – біздің еліміздің, әсіресе, кез келген тілді тез игеріп алушы көптеген қазақ тілді жас мамандардың жұмыс табуына кең жол ашылмақ.

Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет.

Н.Ә. Назарбаев

Қазіргі таңда көптілді пәндік оқыту бойынша білім беру мекемелері, орталықтары, педагогтердің біліктілікті арттыру орталықтары ерен еңбек етіп келеді. Әсіресе, «Информатика», «Химия», «Биология», «Физика» пәндерінің ұстаздарын арнайы ағылшын тілінде сабақ жүргізе алатындай оқытып, жан-жақты әдіскер маман ретінде дайындап жатыр. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамының 14 облыс және Астана мен Алматы қалалары бойынша филиалдары (әрі қарай «Өрлеу» АҚ), Назарбаев Зияткерлік мектептері акционерлік қоғамының Педагогикалық шеберлік және Назарбаев Университеті жанындағы «Білім беру шеберлігі» орталықтарының филиалдарында мұғалімдерді әртүрлі форматта біліктілігін арттыру дайындықтары жүзеге асырылуда. Соның ішінде, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде қабылданған бағдарлама негізінде пән және тілдің кіріктірілген әдістемесі бойынша педагогтердің біліктілікті арттыру

курстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен үш тілділік білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша, CLIL әдісі инновациялық оқу әдісі болып табылады. Мысалы, министрлік жанындағы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде «Физика» пәнін көптілді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» [3] еңбегінде: «Оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқытуға, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең жоғары қажеттілік ретіндегі көптілді білім берудің маңызы айқындалады. Осы бағдарламаны іске асыруда отандық білім беру жүйесінің үлесі басым болмақ. Алдымен қазақстандық білім жүйесі бәсекеге қабілетті болу үшін, мектеп түлектері кезкелген шет елде оқуын жалғастыра алатын деңгейге жетуі қажет. Қазақстан білімінің жақсы дәстүрін сақтай отырып, оқушыларды халықаралық біліктілік сапасымен қамтамасыз ету кейінге қалдырылмайтын мәселе», - деп көрсетті [19 б.]. Шынымен де, пәндерді екінші немесе үшінші тілде, ағылшын тілінде оқу арқылы оқушылар халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті, өмірге белсенді көзқараспен қарайтын, жоғары білімді жеке тұлға болып шығуы мүмкін. Себебі, CLIL әдісі бойынша мектеп қабырғасынан бастап оқушылар ғылыми-зерттеу және тәжірибелік қызметке сабақ барысында қатыса алады. Демек, қазақстандық және әлемдік білім беру жүйесінің таңдаулы дәстүрлеріне сәйкес жалпы орта білімнің инновациялық моделін құру осы заманға сәйкес білім берудегі объективтік қажеттілікке байланысты CLIL әдісі саналуан бағытты қамтыған

инновациалық әдіс болып тұр.

Республикамызда көп жылдардан бері көптілді білім беріп келе жатқан «Мұрагер» арнайы мектептері; дарынды балаларға арналған арнайы мектептер, Назарбаев Зияткерлік Мектептері (НЗМ), «Мирас» мектебі және қазақ-түрік лицейлері үш тілді білім беру бағдарламасын қарқынды енгізіп жатыр. Осы мектептерге қарап, республикамыздағы барлық орта мектептер үлгі алып келеді.

В компетентностном подходе особое значение придаётся умениям, позволяющим действовать в новых, неопределённых, проблемных ситуациях, для которых нельзя заранее наработать соответствующие средства. Их нужно находить в процессе решения подобных ситуаций и достигать при этом требуемых результатов. С прошлого года учителя проходят курсы повышения квалификации по образовательным предметам в рамках обновления содержания образования Республики Казахстан в филиалах АО «НЦПК «Өрлеу». Учителя рассматривают структуру, педагогические подходы, механизмы оценивания, аспекты учебных программ по предметам.

Целью обучения учебному предмету «Русский язык и литература» является совершенствование навыков речевой деятельности, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил и норм русского литературного языка, правил речевого этикета, что способствует развитию функциональной грамотности обучающихся. В основу содержания учебной программы по предмету заложен коммуникативный подход, направленный на развитие четырех навыков речевой деятельности: слушания, говорения, чтения и письма. В соответствии с данным подходом в учебной программе предлагается речевая тематика социально-бытовой, социально-культурной и учебно-образовательной тематики. Темы уроков в рамках предлагаемых тем разделов учитель может сформулировать

самостоятельно или пользоваться темами, предложенными в среднесрочном учебном плане или учебнике. Для формирования коммуникативных умений учащихся каждый урок учителем должен быть организован как урок развития речи, на котором учащиеся слушают и читают различные тексты, рассуждают, анализируют, пишут. Учащиеся участвуют в коллективном обсуждении точек зрения, ищут и используют информацию для решения познавательных задач, активно занимаются самостоятельным поиском решения учебной проблемы. Обновленная программа по предмету направлена на приобретение учащимися широкого круга компетенций, называемых часто навыками XXI века. По окончании основной средней школы обучающиеся должны свободно владеть языком на уровне B2 (продвинутый уровень) согласно CEFR – Европейской системе оценки уровня владения иностранным языком [2]. Учителя русского языка осваивают учебные программы и учебные планы по предметам. Ежедневно, по завершении тематического обучения, осуществляется рефлексия, выполняются задания с целью мониторинга достижений целей обучения.

В соответствии с учебным планом занятия в рамках данной программы проводятся на основе четырехступенчатой эмпирической модели процесса обучения Дэвида Колба. В ходе обучения учителя проводят «эксперимент» в процессе микропреподавания. Оценка деятельности учителей оценивается по следующим критериям: понимание обновленной образовательной программы, навыки обучения, образ мышления, планирование, активное обучение, предметные педагогические знания, удовлетворение потребностей учащихся, критериальное

оценивание. Для каждой области определены четыре дескриптора, позволяющие оценить уровень развития методики обучения у учителя по данному предмету (репродуктивный уровень, адаптивный уровень, моделирующий уровень и системный уровень).

В рамках обновления содержания образования предусмотрен переход на критериальную систему оценивания, основной целью которой является объективное оценивание с заранее известными и четкими критериями, позволяющими обеспечить качественное оценивание и развитие личности, готовой к эффективному взаимодействию с окружающим миром, к самообразованию и саморазвитию[3].

Процесс обучения ориентирован на формирование у обучающихся функциональной грамотности и навыков широкого спектра. При этом нужно помнить, что процесс обучения предполагает отход от традиционной организации учебного процесса и базируется на ожидаемых результатах, которые определяются по шести образовательным областям и отражают деятельностный аспект, т.е. обучающиеся «знают», «понимают», «применяют», «анализируют», «синтезируют», «оценивают».

В процессе повышения квалификации учителей осуществляется всесторонняя поддержка педагогов путем подготовки их к работе в условиях обновленного содержания образования. При этом подготовлен полный ресурс методических материалов для учителя: учебные программы, поурочные планы, учебники, руководство для учителя, рекомендации по оцениванию. Таким образом, к профессиональной компетентности учителя русского языка и литературы предъявляются качественно новые требования.

Литература:

1. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы / www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo.
2. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2017-2018 учебном году. Инструктивно-методическое письмо. Астана, 2017.
3. Программа повышения квалификации учителей. – 2 издание. – Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2015.

ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ МҰСЫЛМАН ДІНІ

Сәрсембина Қ. Қ.,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана қаласы

Қазақ тарихына үнілгенде даналық пен ізгіліктің, ерлік пен елдіктің үлгілеріне қанығамыз. Қазақ даналығы ұрпақтың есті болып, ұлттың рухты болып жетілуіне қызмет еткен. Нәтижесінде өткен ғасырда кеңестік үлгідегі тоталитарлық тәртіп түбегейлі орнағанға дейін қазақ даналығының тамыры тереңге жайылды. Әр ғасыр шеңберінде өмір сүрген тұлғалардың рухани сұхбаттасуына қамқорлық жасалды. Сөйтіп елдік келбет қазақ этносын жат өркениеттің жетегіне мүлдем еріп кетуден сақтап қалды. Ұлт дамуының өзегі тіл, дін, діл, дәстүр деп мәдениет қуатының негізі болар рухани құндылықтарды айтамыз.

Ахмет Байтұрсынұлы «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім. Сол өнер – білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға жұрт екенімізді білдірер едік» [1], ал Әлихан Бөкейханов «Мәдениет өмірі – құдырет әмірі» екендігін жазған-ды. Өйткені, мәдениет адам жанының жетілуі. Ал, таза дін мәдениет өмірін ғұмырлы етпек.

Дін мен қоғам бір – бірінен ажырамайтын феномендер. Дін қоғамдық құбылыс, ал қоғам мемлекеттің субстанциясы. Дін адам мен шексіз болмыс арасындағы байланысты білдіретін сана. Ешбір ғылым, ешбір білім саласы адамның бүкіл ғаламдық болмыспен байланысын да дін сияқты айта алмайды. Діннің өрбитін, өсетін, өнетін, көркейетін жері – бір ұлттың, бір аймақтың сол жердегі

әлеуметтік уақытына байланысты. Діннің тарихи – табиғи негізін дұрыс түсіну басты мәселе. **Дінді дұрыс түсіну және түсіндіру** (діннің адам, қоғам өмірінде алатын маңызын) мемлекетіміздің өркениетті дамуына апарар даңғыл жол. Өйткені, дін адамдар игілігі үшін өмір сүреді.

Дін білім көзі, ғылым өзегі. Дінді ғылыми тұрғыдан ұғынғанда өмір философиясын небір қырынан тануға мүмкіндік ашылады. Ең басты мәселе адам болмысын ұғыну, болмысымызды бүлдірмеу, адамдық қалыппен өмір сүру. Қазақ философиясын ақылмен зерделегенде «тіршіліктің қызығы адамға жақсылық қылумен көрінеді» деген қағида көзге түседі. Ал, философтар еңбектерін парақтағанда өмірдің құндылығы оның қайталанбайтындығында екендігіне табан тірейміз. Сонда қазақ даналығымен айтқанда қамшының сабындай қысқа ғұмырда адамдық келбетін қорғай білу басты борыш. Әріге кетпей беріден қайырғанда Абай даналығы, Шәкәрім философиясы, одан қалды Алаш зиялыларының шығармалары сөзімізге анық дәлел.

Абай ғұлама төртінші қара сөзінде «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұл дүниенің рақатының қайда екенін білмей, бірін – бірі аңдып. Біріне – бірі мақтанып есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнінде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға да таба алмайды» [2], - деп адамның жарық дүниеге қатынасын зердеге құяды. Адам өмірінің мәнін ұғындырады. Діни біліммен өмір

ақиқатын көз алдыңа елестетеді.

Шәкәрім ғұлама философиясының антропологиялық қырлары өмірмәндік түсініктің көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, мұсылман дінін ғылым өрісімен ұғындырады. Қазақ философиясының ерекшелігі адам болмысын, өмір мәнін поэзия тілімен шебер суреттеуінде. Артық, кем сөз жоқ, тек ақиқатты меңзейтін мағынаға толы десек те қателеспеген болар едік. Шәкәрім философиясын ақылмен зерделегенде, парасатпен пайымдағанда философия мен діннің арақатынасына ғылым тұрғысынан тереңдейміз. Дінді адам болмысымен сабақтастыра байланыстырып зерттеген ғұламаның қазақ мәдениетінде алатын орны ерекше.

Дін дұрыс өмір сүрудің жолы, адамдық қағидасы. Мұсылманшылық тұтқасын ұстаған тұлғаның қоғамға, Отанына адал қызмет атқару қабілетінің жоғары болары да сөзсіз. Адамдық дегеніміз пендешілік деңгейді бұзып, тұлғалық биіктікке көтерілу. Тұлғалық істің иесі халық алдындағы адамдық парызын, Отан алдындағы азаматтық борышын адал атқарады. Себебі, тұлғалықтың тірегі түсінік. Түсініктің негізі білім. Таза білімді жан ғана дінді ақылмен ұғынады, дін беделіне парасатпен қамқорлық жасайды. Шәкәрім ғұлама:

Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай,

Ар сақта оны біл [3] – деп тұлғаның өмірлік мақсатын төрт жол өлеңмен ұғындырады. Демек, адамдық борышты білгендер саны артқанда ғана мемлекет ісі алға басып, ұлттың рухы биік болмақ. Осы тұста кіші ұрпақтың адамдық борышты білу ісіне жауапты аға буын екендігін де айтып өтуіміз қажет. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «...Аталық міндетті атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ

баласы жоқ. Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы» [1], – дегендей үлкен буын мен кіші буын арасында зиялылық байланыс болмаған қоғамның болашағы күңгірт.

Шәкәрім философиясының антропологиялық қырлары мұсылман діні негізінде адам – әлем қатынасын ұғындырады. Отанды сүю, отбасы құндылықтарын қадірлеу, жалпы адамзат игілігіне қызмет ету секілді ізгі мәселелер ғұламаның шығармашылығынан жан-жақты көрініс тапқан.

Дін адам баласын өмірдің түрлі қырларына ақиқат көзімен қарауды үйретеді. Пендешілік әдеттерден аулақ қылып, адамды естілік келбетпен тәрбиелеп, түзу жолға салады.

Өзіңді кімге сыйлатып?

Өзің кімді сыйлайсың? [3, 15 б.] – деген Шәкәрім даналығы өмірдің мәнін түзу ақылмен (жанның қуаты) пайымдауға итермелейді. Сыйлату мен сыйлау мәселесі адам жанының мәдениетін, әрі тәрбиенің қуатын көрсетеді. Өзін сыйламаған жанның қор болатындығы, одан қалды өзгеге құл болатындығы туралы толғаныстар да жетерлік. Мұны неміс ойшылы И. Гегель «Қор болған адам құл болады» деп кесіп айтады. Ал, Шәкәрім жалқаулықтан, салақтық, салақтықтан надандық туатындығын, сөйтіп адамның өз-өзіне қорлық көрсететіндігін тереңнен тұжырымдайды.

Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім болмаған жерде ізгіліктің де жүрмейтіндігі ақиқат. Осы аталған ізгілік негіздері адам болмысының мәнділігінің өлшемі. Адал еңбек, ақ пейіл, мейірім таза ақыл көзімен сіңірілмек. Шәкәрім ғұлама айтқандай таза дінді бас көзімен емес, ақыл көзімен қабылдауымыз шарт. Ақыл көзімен қарағанда мұсылман дінінің адам баласы, күллі адамзат үшін айтып жеткізе алмас, рухани қазына,

мәңгілік игілік екендігіне көзіміз жетеді. Таза ақыл адам жанын жетілдіріп, рухты ердің қалыптасуына тұғыр болмақ.

Келер ұрпақтың рухты болып өсіп - жетілуіне өлшеусіз еңбек еткен ойшыл:

Рух деген дінсіз таза ақыл,

Мінсіздің ісі шын мақұл.

Нәпсі дер рухсыз жандарды,

Мейлі адам, мейлі аңдарды [3, 21 б.], – деп мінсіздік проблемасын көтереді. Мінсіздікті терең ұғындыратын мұсылман діні. Рухы төмен адамның өзіне де, өзгеге де пайдасы тимейді. Осы тұста «пайда» деп рухани құндылықтар жүйесін айтып отырмыз. Шәкәрім философиясы рух түсінігін тереңнен ұғындырады. Тәннің күшті болуы да, елдің күшті болуы да - екеуі де тәрбиеден» [1, 228 б.], – деген Ахмет Байтұрсынұлы даналығы рухты ерді қалыптастырудың жолына бағыт сілтейді. Сонымен, Шәкәрім философиясы бүгінгі ұрпаққа ғана емес, әлі де талай буынға жол сілтері анық. Осылайша түрлі уақыт шеңберінде өмір сүрген зиялылармен рухани сұхбаттасу арқылы тұлғалық пен кісілік келбетімізді биіктетуге ұмтыламыз. Бұл біздің өмірлік мақсатымыз. Абай дана «Атымды адам қойғасын қайтіп надан болайын», – дегендей, адам болып жер басқаннан кейін ізгіліктің нұрын себу парыз. Бұл мәселе адамның имандылық деңгейін көрсетеді. Әрине бұл, арнайы зерделенетін бөлек тақырып. Дін өзіңді, ата-анаңды, ұлтыңды, Отаныңды құрметтеуге, қадірін білуге итермелейді.

Мемлекеттіліктің тұғыры халықтың мемлекетшілдік рухтағы тәрбиесіне, әсіресе зиялы қауым өкілдерінің ұлттық мүдде тұрғысындағы зиялы істеріне келіп тірелетіндігі ақиқат. Сондықтан да нағыз зиялыны қалыптастыру, тәрбиелеп шығару әр ұлттың орасан зор жетістігі болмақ. Ондай ұлттың болашағы да зор. Қазақтың даналық тарихына көз жүгіртсек тұлғаның зиялылық деңгейінің

қалыптасуына, үнемі өсіп-жетілуіне терең мән берілгендігін аңғарамыз.

Мемлекетшіл рухты қалыптастыру оны өскелең ұрпақ бойына сіңіру қазіргі зиялы қауым өкілдеріне артылып отырған басты міндет. Нағыз тұлға мемлекет ісіне шынайы жанашырлық таныта алады. Тұлғалық іс-әрекеттің негізінде мемлекет ісі алға басады. Тұлғалық істің тірегі түсінік. Түсінік адамдық өлшемнің кепілі. Адам бойында мемлекетшілдік рухты қалыптастыратын, адамды Отаншыл рухта тәрбиелейтін тарих тағылымы. Тарих тағылымымен тәрбиеленген ұрпақ бойында ұлттық мінез қалыптасып, ұлттық тәлім-тәрбиенің көзіне айналды. Бұның қайнар көзі зиялылық. Нағыз зиялы тұлға жеке мүддесінен гөрі халық мүддесін басты орынға қояды. Оны тарих дәлелдеп отыр. Зиялылық деңгейін анықтайтын ұғым адалдық десек-те қателеспеген болар едік. Адалдық ар қуатының көзі. Шәкәрім ойшылша айтқанда ұждан дәлелі. Ғұлама «Адам әділет, ынсап, мейірім үшеуін қосып айтқанда мұсылманша ұждан, орысша совесть бар. Бұл не?», - деп өмірлік сауалды алдымызға кесе көлденең тартады. Қазақтың бұрынғы мінезі ұждан мәселесін өмірлік ұстанымға тірек еткендігі де қалың жұртшылыққа жақсы таныс.

Қазақ этносының ғасырлардан қалыптасқан кең мінезіне сай біздің еліміздегі этносаралық, дінаралық татулық, әрине көптеген елдерге үлгі. Елімізде дінаралық қақтығыстар болмағаны жұртшылыққа аян.

Өзіміздің рухани-мәдени болмысымызды, дінімізді, ділімізді (менталитет), ұлттық санымызды таза ұстау арқылы әлемдік үрдіске араласа білгенде ғана өзгелерге қазақ өркениетін мойындата аламыз. Жаһандасу заманында әрбір мемлекеттің алдында өзінің ұлттық болмысын сақтап қалу міндеті тұр.

Жаһандану процесіне қарсы болғанмен, одан ешқандай мемлекет тыс бола алмайды және оған тосқауыл жасай алмайды. Жаһандануға қарсы көзқарастар Еуропада да жеткілікті. Зерттеушілер әлемдегі алпауыт мемлекеттер жас мемлекеттердің технологиялық, экономикалық, қаржылық кіріптарлығын пайдаланып, өзінің саяси, әлеуметтік, экономикалық, моралдық, мәдени және өзге де құндылықтарын таңу арқылы өздерінің өмір салтына, дүниетанымына жұтып алу мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Жаһандану заманында тарихи-мәдени мұраны сақтау және қадірлеу басты мақсаттардың бірі. Қазақстан басқа мәдениеттен көптеген рухани және материалдық жетістіктер мен құндылықтарды «сіңірді». Қазақстанның өзіндік мүмкіндігі болғандықтан да ұлттық ерекшеліктеріміз арқылы өркениетті прогреске, ары қарай дамуға жол ашық.

Ұлттың құндылықтары ескерілмеген мемлекеттің әлемдік өркениеттен өзіне тиесілі орнын иеленуі екіталай. Танымал тарихшы ғалым Х. Әбжанов «...бірнеше ғасырға созылған езгі із түссіз кетпеді. Қазақ қоғамына дерт болып жабысты, береке басы бірлікке жік түсті. Тәуелсіздік қарсаңындағы қазақтар жат өркениеттің кемесіне аяқ артқан этнос тәрізді көрінеді...» [4] - деп те жазған еді.

Поляк ғалымы А. Янушкевич (1803-1857) «Қазақ даласынан жазылған хаттар» деген еңбегінде «Тәңірім осыншама қабілетті дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласында аспандай көтеріліп,

жарқырап сәуле шашатын болады. Сормандай құл-құтандарды менсінбейтін Үндістан касталары секілді өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасынан бұл көшпелілердің де орын алатын кезі келді» [5], - деп қазақ этносының мәдениеті мен өнеріне тәнті болып, оның жарқын болашағына сенім білдірген-ді.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері дінді әртүрлі бағытта түсіндірулер көбейіп кеткендігі салдарынан азаматтардың түрлі діни ағымдардың ықпалына түскендігі де шындық. Азаматтық қоғамда діни-плюралистік көзқарастардың болуы табиғи нәрсе. Алайда, діннің негізгі қағидалары бұрмаланбауы тиіс. Дін туралы сауатты ақпараттарды жақсы игерген тұлға діни адасудан аулақ болады. [6]. Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп және өзге де зиялылардың еңбектерінде дінді түзу түсіну ісіне терең көңіл бөліп, ұлттық болмысқа сай ұғындырғаны оқырманға белгілі.

Рухани қазынамызды шынайы өмірге өз деңгейінде енгізу арқылы мемлекет ісін алға дамытамыз. Рухани сұхбатты уақыт ағымымен бірге жүргізу зиялылар мойнындағы борыш. Әсіресе, Шәкәрім сынды ғұламалардың шығармаларын зерделеу өз болмысымыздың қыр-сырын игеруге, өмір мәнін ұғынуға жол ашпақ. Мұсылман дінінің мақсаты адамды түзу жолға салу, ақиқаттан қия бастырмау. Ақиқатты тану имандылықтың көрінісі. Ғұламаның сөзімен айтқанда

Ақиқат жерде қалмайды,
Таныған жанға кез болса.

Әдебиеттер:

1. Қазақ/ Құраст. Субханбердина. –А., 1998.-221 б.
2. Абай. Қарасөздер. –Алматы, 31 б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. –А., 136 б.
4. Әбжанов Х. Тарих, тұлға теория. - Астана, 2006.-134 б.
5. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – 1 т. –А., 1994. -232 б.
6. Есім Ф. Саяси философия. –А., 2006.- 250.

ИСЛАМ ІЛІМІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ІЗГІЛІК-ӘДЕПТІЛІК ЖӨНІНДЕГІ ОЙ ТОЛҒАМДАРЫ

Сәрсембин Ү. Қ.,

*философия ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің, Әлеуметтік –
саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі*

Адамның адами қасиеті өнегелі іспен тарихта қалады. Әлемнің жаратылыстық себебін, дүниенің үйлесімді заңдылықтарын, өмірдің мәнін түсіну, жаратылыс рухы жөнінде айтып кеткен даналардың сөздерін білу адам баласының басты міндеті. Адам өмірінің мәні оның дұрыс танымы, дұрыс білімі арқылы айқындалып отырған. Ислам дінінің тағылымын, Ислам руханиятынан білім алған Әл-Фараби сынды ойшылдардың өсиеті тұрғысынан зерделесек жаратылыс себебін зердемен ұғынып, оның мәніне ақылмен, біліммен, даналықпен көз жеткіземіз.

Имандылық адамды кемел мінезге, кемел ойға, кемел білімге бастайтын қасиет. «Адамның өмірдегі ісі – деп жазып кеткен алаш зиялысы Жүсіпбек Аймауытов, - алған тәжірибесінің жемісі. Жанның тәрбиеленетін үш түрлі сыпаты бар: ақыл, сезім, қайрат. Адам жаратылыстан ақылды болып, осы үш сыпаты бірдей тәрбиеленген болса, ол кісі әрі данышпан болады. Ол адам ісінде байыпты, табанды болып көп қата жібермейді. Егер, ақылы шамалы адамның үш жан сыпаты бірдей тәрбиеленген болса, ол адам өзіне өзі қанағатшыл, өміріне ырза, орташа тығынды кісі болады» [1. 4 б.].

Мақтаншақтық, әлсіздік, ызاقорлық, менменшілдік адам баласы қанша білімді, көреген болса да оның рухын әлсіретіп, рухани деңгейін тұмшалап, білімінің өрісін тарылтып отырмақ. Сондықтан да, қазақ баласын тәрбиелеуде оған діннің тағылымын

үйреткен, қазақтың тарихында рухани құндылықтар, ұлттық салт-санасы діннің тағылымымен үйлесіп отырған. Бұның себебі ата бабаларымыздың адам тәрбиесіне келгенде оның болашағын баланың рухы мен зерделеп, рухани деңгейін қалыптастырып, білімінің өрісін кеңейтіп отыратын дін мен дәстүрдің тәжірибесін, білімін үйретіп отыруында.

Қазақ халқы діннің мәнін терең түсінген, діннің тағылымын үйрету әр бір ата-ананың міндетіне айналған. Бұған дәлел ретінде тарихи уақытта елді жаудан қорғайтын, елдің рухын даналығымен сақтап отыратын кемеңгерлердің, нағыз талант иесі ғалымдардың тарих алдына көптеп шығуында. Әріден іздемей ақ кешегі алаш зиялыларының, одан кейінгі кеңес дәуірі тұсындағы Қ. Сәтпаев, Е. Бекмаханов, Б. Момышұлының Қ. Жұбановтардың тарихтағы рухани тағылымдарын ескеруімізге болады. Олардың өмір жолында қазақтың тәрбиесімен берілген Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хикметтерінің білімі айқын байқалады.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) айтып кеткен: «Ғылымды үйреніп әркімнің өз бойына сіңіруі де біле білсеңдер парыз. Сол себепті алыстығына қарамастан қайда болса содан үйрену керек» [2. 18 б.]. Шыныменде, ел өмірінің қиындығына қарамастан сол кездегі қазақ балалары қайратты, жігерлі, елшіл болған. Олар бар білгенін, бар білімін тек қана халқының мүддесіне жұмсауды өмірлік парыз санаған. Зиялыларымыздың

тағылымына, мұраларының бойында қалған идеяларына, халық санасында жатталып қалған сөздеріне зер салсақ қасиетті дінімізде халыққа пайдасы мол игі істер жөнінде айтылған өсиеттердің жатқандығын байқаймыз.

Қазақ ойшылы Шәкәрімнің рухани мұраларында имандылық өрісі халыққа адал еңбек ету, сол еңбек жолында адамгершіліктен таймау, шынайы білім мен парасатты істі ұрпаққа табыстау:

Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден ұқ:

Білгеніңнің жақсысын қыл,

білмегенді біле бер.

Білген ердің бол шәкірті,

білмегенді қыл шәкірт,

Үйренуге қылма намыс,

үйретуге болма кер.

Өнеріңді құр шірітпе,

орнына анық жұмсамай,

Өкініші кетпес оның,

өз ойыңда босқа өлер.

Қай ғылымды білсеңіз де,

қазір оны елге жай,

Құр ішінде кеткенінше,

пайдалансын өзгелер.

Шын наданға білгеніңді

ұқтырам деп ойлама,

Қанша бидай шашсаң-дағы,

болмас егін тасты жер....

Шын залымға берме ғылым,

ол алар да оқ қылар.

Қайым дер, кісі атып жер,

ол ғылымды хайла етер.

Қарғысына сен қаларсың,

елді алдап ол алар,

Ақылы жоқ,

малы көптің бірталайын еңіретер [3.

676.].

Ойшылдарымыздың кемел біліміне, кемел ойларына ықпал еткен ислам дінінің адамға берер тәрбиесі ақиқат. Тәрбиемен берілген ұғым, көзқарас, түсінік, ой, идея зиялыларымздың рухын даналықтың шыңына жеткізді.

Даналықтың шыңы діннің тағылымына, өмірдің талабына, халықтың назарына қарап дін мен ғылымның, тіл мен ділдің болашағына қызмет етіп, оны қабілетіңмен, қасиетіңмен және рухани деңгейіңмен қорғап отыру. Бұл дініміздің ұрпаққа қояр басты талаптарының бірі.

Ислам әлемінен шыққан ойшылдарды, даналарды, ақын адамдарды, кемеңгер ғалымдарды алып қарасақ олар әдепті діннен үйренген, өмірдің мәнін дін арқылы түсінген және қандай құндылық болмасын, білім, ғылым, өнер түрлерін жетік білген.

Ислам әлемінен шығып адамзатқа кемел білім жүйесін зерттеп қалдырған Әл-Фараби дін мен ұрпақты қорғайтын ғалымның ізгілігі, адамгершілігі, аға ұрпақтың әдептілігінің рухы жөнінде жазып кеткен. Ол былай дейді: «Білім, яғни ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана қарекет еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады, өйткені көп мал мүлік күйттеу ғылымға кесірін тигізеді. Сондықтан мұра қалдыру дүниеауи қам-қарекетке қарағанда абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді. О дүниелік ғұмырда дәрежеге жетуге кедергі болмайды. Егер, бәлкім, ғылымның басқа адамдары, оның әріптестері бұл мұраны пайдаланса, ол оған өлгенге дейін де, өлгеннен кейін де игілік болады» [4. 704 б.].

Қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсыновтың жазып кеткен өлеңдерінде де ұрпаққа ізгілік пен адамгершіліктің мәнін ұғындыратын ақынның имандылық түсінігін ұғынамыз: Шалдығатын, шаршайтын жерлер де бар, Шалдыққанға мұқалмас ерлер де бар. Қайраттанып қажымай тырмыссаң да, Шыққызбайтын жолыңда өрлер де бар. Шаршайды деп ойлама шалдыққаннан, Ұзақсынып жатпаспын жалыққаннан. Жұрт қолымнан келмесе, өкпелемес, Барын сақтап, мен аяп алып қалман [5.

20 б.].

Қазақтың тұлғалары ұрпақтың алдында әдептіліктің бейнесін қалдырған адамдар. Жағымпаздығы жоқ, мүсәпірліктен алшақ, туралықты іздеген, әділеттілікті көздеген, білім мен ғылымның жолында ақиқатқа адал, ізгілігі мол адамдар. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Хадистерінде, «Оқымысты ғалымдар – Алла Тағаланың алдындағы сенімді адамдар» - делінген [б. 46 б].

Қазақ руханиятында «кең болсаң кем болмайсың» деген өсиет бар. Қонақжайлық, туысқандық, ата-баба рухын құрметтеу, жерді, елді қорғау, ұрпаққа өнегелі өмір сыйлау үлкеннің міндеті, кейінгіге үйретер әдептің үлгісі саналған. Қазақ білімнен бұрын адамның жан дүниесіне түсініктің, біліктіліктің, естілік мінездің орнығуын талап еткен, тәрбие де осыны қолға алып отырған. Себебі, әрбір адамның имандылық қасиеті алдыменен халыққа, елге қуат беретін дүние. Алауыздық, атаққұмарлық, жеке бастың қамын ойлау, байлықты мақтан тұту бұл жеке адамның рухын ғана емес, әлеуметтік рухын әлсіретеді. Қауымын үшін еңбектену, үлгілі болу, шынайы үлгі көрсету дініміздің талаптарының бірі.

Ислам әлемінің ғұламалары діннің қасиетін жетік білген, оны ғылымның талқысына да сала бермеген, ғылымнан да жоғары, ғылымның, қоғамның, мәдениетті дамуына тигізер ықпалын білген. «Қасиетті ҚҰРАН КӘРІМ» негізінде, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Хадистерінен қасиеті мол дүниелерді алып отырған. Жаратушы Алланың құдіретіне шек келтірмеген, оған күмәнмен қарамаған, ғылым мен білімді, даналығын халыққа ырыс әкелетін дүние, ұрпақтың діні мен ділін, мүддесін, өмірін қорғайтын мұра деп түсінген. Соныдықтанда Ибн-Сина сынды кемел ой иелері өз ілімін тек Алла

Тағаланың заңымен берілетін дүние деп халыққа жеткізген.

Әл-Фараби дін туралы былай жазды: «Дін дегеніміз – көзқарастар жүйесі мен іс-әрекеттер тізбегі және Алланың адамзат баласына салып берген қасиетті жолы. Діннің арқасында көкірегі ояу адамдардың баршасы да көздеген мақсаттарына жетуге мүмкіндік алады. Баршасы деп отырғанымыз - тайпалар мен қалалар, ал кей жағдайларда ол белгілі бір халықты немесе сан алуан халықтарды қамтуы да ғажап емес» [7. 47 б]. Діннің мәні мен мақсатын, жаратылыс ақиқатын дін арқылы, яғни Алла Тағаланың қасиетті сөздері арқылы түсіндірген ең соңғы адамзаттың Пайғамбары Мұхаммед (с.ғ.с.). Дінді бұрмалау, оны қате түсіну, дінді әлсірету адам баласының басты қателігі.

Ислам әлемінің ғұламалары, қазақ ойшылдары дінді қорғау адамның өзін қорғау, елін қорғау деп түсінген. Дінді қорғау үшін діннің беделін сақтау парыз. Ата-бабаларымыз ұрпақ алдында дін мен діни тұлғалардың беделін қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырды. Әл-Фарабидің түсіндіруінше, «Адамның дінді түсінуінің жолы аян, ал бұл аянды ол өзінің ақылымен тани алмайды, себебі оның ақылы бұл үшін өте әлсіз; бұлай болмаған жағдайда, яғни егер адам өзінің білетінін немесе ойлана отырып, өзінің ақылымен жете алатынын анықтай алса, онда аянның мән – мағынасы да, пайдасы да болмас еді» [8. 46-47 бб].

Бұқар жырау бабамыз айтып кеткен ой-толғамдардың қысқаша мазмұнына тоқтала кетсек:

Бірінші тілек тілеңіз:

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз:

Өзәзіл, пасық, залымның

Тіліне еріп азбасқа.

Үшінші тілек тілеңіз;

Үшкілсіз көйлек кимеске.

Төртінші тілек тілеңіз;
Төрде төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз:
Бес уақытқы бес намаз
Біреуі қаза қылмасқа [9. 44 б.].

Қазақта үлкен деген сөз бар, үлкен кісі, үлкен адам немесе жолы үлкен, үлкен орындағы адам, үлкеннің ізін басқан адам деген сөздер тарихта, ұлтымыздың дәстүрінде орын алған. Үлкен деген сөз халықтың теңеуі, халықтың адамға берген бағасы. Діні мен дәстүрін біліп, дінде айтылған тазалықты орындай білген, шаңырақты сақтап, ұрпақ тәрбиелеп, оларды орнықтырған адам, айналасындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынаста болып, адамға қол ұшын беретін, көмегін, ақыл кеңесін аямайтын, өмірінде не нәрсе болса да оған қанағатпен қарайтын, тәубешіл, тәуекелшіл парасатты адамды қазақ үлкен деп сыйлаған. Ал, соның артында қалдырған, тәрбие берген ұрпағы ата-бабасының, ата-анасының рухын, ізін, өнегесі мен өсиетін сақтап соны жалғастырған адамды үлкен орынның иесі, үлкен шаңырақтың баласы деп айтқан. Қазақта бұндай қасиетке ие болып, халыққа үлгі болатын дәрежеде өмір сүрген адамдардың құрметке бөленуі, сол қасиет иесінің және осындай кісілік қасиет иелерін танып, бағалап отырған қазақтың Алла Тағаланың ризығына, мейіріміне, құдіретіне деген сенімінің түзу, ұғымының терең болуында.

Адамның ізгілігі, әдебі мен әділеттілігі оның кемел білімінде, кемел өмірінде. Кемеліне жеткен адамның өмірі сол адамның қасиеті мен қабілетін біріктіріп өмірде айналасындағы адамдарға пайдасы мол білімді береді. Кемел адамның айналасындағы адамдарда адамды түсінігіне, жылы жүрегіне, парасатты әрекетіне, ақылына, адамгершілігіне қарап тануды дәстүрге айналдырады. Көп жағдайларда санамызға сіңіп қалған қағида бой-

ынша «білімді» деген сөзді естігенде, адамның сыртқы түр-келбетіне қарап «білімділікті» елестетеміз. Әрине, адам киім киісі, жүріс-тұрысымен заманынан қалмағаны дұрыс. Тазалық, көріктілік дініміздің де тарапынан айтылған. Бірақ, адамның тазалығы, көріктілігі мінезімен, ақылымен, тәртібімен үйлесіп, оның адами болмысының келбетін өзге адамның ақылына парасат деңгейімен ықпал етуі тиіс.

Дініміздің тағылымынан, тарихымыздағы ата-бабаларымыздың өмірінен байқайтынымыз, адамның зиялылығы жан дүниенің тілеуімен, имандылық тәрбиесімен, кемел деңгейге ие біліммен келетін дүние. Қазақ ұлты өмірге сауатты көзқараспен қараған. Дәулеттің жемісі халықтың ырысы деп пайымдаған. Сондықтанда, қазақтың даналығында дүниенің өткіншілігі, адамның дүние заңы алдында әлсіздігі көрсетіледі. Алла Тағаланың өз пенделеріне беретін ризығы, несібесі, ырысы, дәулеті, білімі, даналығы мен өнері ұрпақ пен халықтың, адамзаттың игілігі үшін болатындығы халықтың ұғымына айналған. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хикметтерінде айтылған, ата-ананы, отанды, жерді, елді, ұрпақты, көршіні, қонақты, жолаушыны, ұстазды, табиғатты құрметтеу сынды талаптар дініміздің адамзат баласына үйретері мол өмірдің әдебі, әдепті өмір сүрудің ережесі. Ізгілік әдептілікпен келген, әдептілікпен қорғалып, кейінгі буынға жетіп отырған.

Ойшыл тұлғаларымыздың ұрпағына үйретер рухани тағылымын ескерсек, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Шал ақынның рухани мұраларында өмір болмысы былай баяндалады:

Біреуді жақсы демесең,
Біреуді жаман демесең,
Бұл дүниеден өткен соң,
Шын дүниеге жеткен соң...
Кімнің жақсы, жаманын

Бір жаратқан хақ білер ... [9. 87 б.].

Кейде болмашы нәрсеге қызығамыз, сеніміміз жетпей тұрсада қызбалыққа салынып болмайтын нәрсенің соңынан қуамыз, болмайтын нәрсеге қуанамыз, болмайтын нәрсені іздейміз, соның салдарынан келіп кей жағдайларда адам ізгіліктің жолынан алшақтап бара жатқанын байқамай да қалады. Дінімізде айтылған біреуді ғайбаттау, біреуді өтірік мақтау, біреуді өсектеу, біреуге нақақтан нақақ жала жабу, орынсыз қалжың, орынсыз реніш, орынсыз мақтан бұлар адамның әдебін кетіріп, ізгілігін жояды. Имандылығы мол, иманын жетілдіретін адам ол тек қана хақтың туралығынан ойын асырмайды, біліктің жолымен жүреді.

Бұқар бабамыздың бүгінгі бізге жетіп отырған тағылымды дүниелерінде уақыт шындығы бар:

Аруды тандап сүйсе де,
Алтынды үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Арманын қоймас адамзат!
Ілімді түгел білсе де,
Қызығын көзбен көрсе де,
Қапалы күні қабарып,
Қайғының түні төнсе де,
Үмітін жоймас адамзат!
Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңілі қарайып,
Қара бір көзін жұмса да,
Өмірге тоймас адамзат! [9. 50 б.].

Адам балсының жаратылуының басты мақсаты ұрпақ әкелу, кейінгі уақытта ұрпақ қалдыру, мұра қалдыру, ұлтты сақтау, елді, жерді көркейту. Даналарымыз кемел білімін өмір шындығымен осылайша өрнектеп отырған.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Хикметтерінде айтылған өсиеттерді ата-бабаларымыздың адал орындап, дін мен ұрпаққа қатар қамқор болуының мысалын олардың даналығынан байқаймыз.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) хикметтерінде айтылған дүниелердің ізгілігі оның ақиқатында.

«Ғылымның да үш апаты бар. Ғылымды ұмыту. Ғылымды сүймейтіндерге ғылымды үйрету. Өзім білемдікке салынып, беталбаты бұрмалап сөйлеу».

«Аятүл мұнафық. Бұзықтықтың да үш апаты бар. Өтірік айту, уағдасынан тану. Аманатқа қиянат жасау. Өзін адам деп санаушылар бұлардан өзін аулақ ұстауы керек».

«Мешітің мен қаланды көркемдей біл. Мешіт құлшылық орның, қалаңның көріктілігі – халықтың қуаттылығын көрсетеді. Өйткені Ислам діні – барлық істің жақсы болуын тілейді».

«Алла тағала екі түрлі адамға ықылас-мейірімін түсірмейді. Қатын баласы мен туыстарынан безіп, жалғыз өмір сүрушілер мен көршілерін ренжітушілерді».

«Алла тағала пенделерін апатқа ұшырататын жеті түрлі істен сақтандырады: 1. Адамдарға күдік пен күмәнданудан. 2. Сиқыр мен сиқырлаудан. 3. Өзімшіл қомағай нәпсіден. 4. Біреуді мұқтаждықтан құтқарып, онысына өсім алудан. 5. Жетімнің ақысын жеу, 6. Жаумен шайқаста басын қорғап қашудан. 7. Досың тұрмақ дұшпаныңа ылас сөз айтудан. Өзін үлгілі адаммын деп санаушылар бұл жетеуінен өзін аулақ ұстауы қажет».

Бүгінгі ұрпақтың алдындағы ең басты парыз тәуелсіздікті сақтау болып отыр. Тәуелсіздікті қорғаудың төте жолы - дінді қорғау, діни сауаттылық, әділетті, ізгілігі мол ғалымдардың, әдепті ұстаздардың тағылымы.

Қазіргі уақытта елімізде дін мен дәстүрдің, тарих пен мәдениеттің, өмір мен ғылымның құндылықтарын қатар зерделеп, халыққа түсіндіріп жүрген діни мамандарымыз аз емес. Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының бас-

тамасымен жарық көріп жатқан ғылыми еңбектер, көпшілік қауымға арналып жазылған кітаптар оқыған талабы зор адамға жан-жақты білім, дұрыс бағыт береді.

Әдебиеттер:

1. Жүсіпбек Аймауытов. *Ұлтты Сүю // Ақиқат, №6, 2013.*
2. Мейірманов З. *Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен таңдамалы хадистері. – Алматы: 1991. – 20 б.*
3. Шәкәрім. *Қазақ айнасы. өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.*
4. *Түркілік тәрбие» антологиясы. – Алматы: Интеллисервис, 20013. – 1004 б.*
5. Байтұрсынұлы Ахмет. *Жан сөзімді кім түсінер? – Алматы: Қазақстан, 1994. – 112 б.*
6. *Қасиетті сөз // «Жұлдыз», №12, 2003.*
7. *Әл-Фараби «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 бет.*
8. *Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 656 б.*
9. *Жеті ғасыр жырылайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. – 400 б.*

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМЫТУ

Құдайбергенұлы Б.,
«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы
Павлодар облысы бойынша ПҚ БАИ
Касымбекова Г. К.,
№2 Балалар музыка мектебі,
Павлодар қаласы

Қасиетті де қастерлі тәуелсіздік туымыздың бәсекеге қабілетті озық мемлекеттердің қатарында желбіреуі үшін атқарылатын жұмыстар жетерлік. Жарқын болашақты меңзеген міндеттердің орындалуы мен егемендік қадірін қадірлеу арқылы ел бірлігінің сақталу барысында өскелең ұрпақ өрлеудің жаңа белестерін бағындыратынына күмәніміз болмауы керек. Ұлттық санамыздың серпілісі үстінде бабаларымыздан жеткен, ғасырдан ғасырға жалғасқан мәңгілік елді сақтап, келешек ұрпағымызға қалдыру біздің парызымыз. Міне, сол кезде халықтың әл-ауқатын арттырып, қоғамның қарқынды қадам басуына бағыт болатын «Мәңгілік Ел»

идеясының мазмұны мағыналы болмақ. Ол үшін әрине, ғасырлар тоғысында талай тұлғалардың арманы болып, бүгінгі таңда желбіреген тәуелсіздік туын тік ұстауымыз қажет болса, бұл бағытта жүзеге асырылмақ жоспарлар да жетерлік. «Мәңгілік Ел» идеясының маңыздылығын Елбасы Н. Назарбаев «... Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген күдіретті ұғымға сыйып тұр» деген болатын. [1].

Қазіргі кездегі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдай бойынша, кәсіпкерлік іс-әрекетте табысқа жалпы және әдейі қабілеттің ең болмағанда

аз ғана бөлігімен, білімділікпен, шығармашылықпен қамтамасыз етілгенде ғана жетуге болады. Сондықтан, балалар алдында, сонымен қатар, ата-аналар, мұғалімдер алдында да жаңа міндет тұр, яғни жеке тұлғаның потенциалды мүмкіндіктерін зерттеу, дамыту және осының негізінде баланың болашағын анықтау.

Адам қабілеттілігінің даралық ерекшеліктеріне дарындылық, шеберлік, талант, данышпандық, шабыт кіреді. Өртүрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік-дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз етуші жалпы қабілеттер ерекшелігін дарындылық деп атайды. Дарындылық әрбір адамның ақыл-сана, оқу, шығармашылық, көркем-өнер, адамаралық қатынастар түзу және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді. Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллекттік деңгейі анағұрлым жоғары [2;54]. Дарындылық дәрежесінің артуы қажетті білімдер мен ептілік, дағдыларды игеріп, жетілдіріп дамытуға тікелей тәуелді. Дарындылықтың өзіндік ерекшелігі ең алдымен қызығушылық бағдарға байланысты. Осыдан, біреу математикаға құмар, екінші тарихқа және біреулер қоғамдық жұмыстарға, лидер болуда өз дарындылығын іске қосып, оны нақты іс-әрекетте кейін дамыта түседі.

Дарынды балалар - жалпы және арнайы дарындылығын (музыкаға, сурет, техникаға т.б.) байқатқан балалар. Дарындылықты ақыл-ой дамуының қарқыны бойынша басқадай жағдайлар бірдей болғанда баланың өз құрдастарының озықтық дәрежесі бойынша диагностикалау қабылданған

(ақыл-ой дарындылығы тестері осыған негізделген) [3;96]. Баланың дарындылығы деп - бірдей өмір шартында, өз құрбыларымен салыстырғанда оқуға қабілеттілік және шығармашылық құбылыстары жоғары болып табылуы түсіндіріледі. «Дарындылық» - бұл «дарын» сөзінен шыққан және ол дамудың аса қолайлы, сыртқы алғышарттарын білдіреді. Педагогикалық энциклопедияда бұған келесі түсінік беріледі: «Дарындылық» - бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі. «Дарындылық» түсінігі «қабілет» түсінігіне өте жақын. «Қабілеттілік» сөзі орыс тілінде кем дегенде екі мағынаны қамтиды.

... Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаншып та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр.

Н.Ә.Назарбаев

Д.Н.Ушаковтың талқылау сөздігі бойынша: табиғи дарын; бір нәрсені жасай алу мүмкіндігі [4;78].

Дарындылық – бірдей өмір шартында, қатарларымен салыстырғанда үйрену мен оқытуда аса жоғары қабылдаулары мен шығармашылықтың ерекше көрініс беруі. Дарындылық - тек ақыл-ой дамуының жоғары деңгейі ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына бағытталған кейбір ішкі талап-мақсаттар. Сонымен қатар, дарындылық - әлеуметтік құбылыс. Өйткені, адамның іс-әрекетінің әлеуметтік сферада жетістіктерге жетуі туралы сөз болып отыр.

Әлеуметтік ортаның дарындылыққа байланысты жүргізілген зерттеулерінің нәтижесі (әлеуметтік-экономикалық қатынастар, қаржылық қамсыздандыру, әлеуметтік-күнделікті шарттар т.б.) өртүрлі. Осыған байланысты келесідей

тұжырым жасауға болады: әлеуметтік-экономикалық шарттар дарындылықтың дамуына әсер етеді, өйткені, олар адамның өмір деңгейін анықтайды. Қоғам экономикалық дамыған сайын, ол адам дамуы үшін қолайлы болып келеді [5;145].

Дарындылықтың дамуында да отбасы жағдайы өте маңызды болып келеді, соның ішінде: отбасы құрылымы мен оның эмоционалды климаты; бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас стилдері; ата-аналардың бала дарындылығына қатынасы. Отбасы құрылымы мәселесіне жүгіне отырып, балалардың көбі (87%), толық отбасыларда тәрбиеленген деп айтуымызға болады. Жиі, 70% жағдайында отбасында балалармен және ата-аналармен қатар, туыстарының ішінен біреулер: әжелер, апалар және ағалар, жиендері тұрады. Зерттелген балалардың ешқайсысында кіші сіңілі-қарындастары немесе інілері болмады. Р. Зайонц зерттеулері көрсетуі бойынша зияткерлік дарындылық, отбасындағы балалар санына тәуелді. Р. Зайонц тұжырымы бойынша, жанұяда іні мен қарындас, сіңлілер көп болған сайын интеллектуалдылықтың коэффициенті орташа болып келеді. Отбасы құрылымы, көп жағдайда туыстар арасындағы қатынастар және отбасының эмоционалды климаты жүйесімен байланысты. Өзара қарым-қатынастың мазмұнды жағы туралы айта келе, көптеген зерттеушілер балаға қарама-қарсы жынысты ата-ананың әсері мәнді деп көрсетеді. Көптеген зерттеушілер дарынды балаға жылылық, оны қабылдау, сүю және сыйлау қажет деп санайды.

Бала мен ата-ананың қарым-қатынас стилі туралы мәселе аса ауқымды зерттелген. Ғалымдар баланы қатты бақылауға алу, күш көрсету, қысым көрсету сияқты стилдер дарынды тұлғаны дамытуға мүмкіндік бермейді деп санайды. Р.Хесс

және В.Шипман өзара әрекетті ата-аналық стилдері бұйрықты (императивті) және нұсқамалық (инструктивті) деп бөлді. Бұйрықты стиль үшін мынадай талаптар сәйкес келеді: «Мен айтқан секілді жаса..», «Тыныш отыр...». Ата-аналар баласының айтқандарын бұлжытпай орындауын күтеді. Олардың қатынасы ересектің беделіне негізделеді. Мұндай стиль балада енжарлық пен тәуелділік және конформизмді дамытады [6;87].

Нұсқамалық стилде ақпарат көбірек болады, ал талаптар мынадай болып негізделеді: «ойыншықтарыңды жина, ал мен еденді сыпырамын...». Ата-аналар баласымен өзінің теңі ретінде әңгімелеседі. Олардың талаптары, заңдылықтары саналы түрде жүреді. Бұл, балада бастамашылықты дамытады және мықтылыққа тәрбиелейді.

Ата-аналардың бала дарындылығына деген қатынасы маңызды болып табылады. Бұл фактор - бала мүмкіндіктерін іске асыруға әсер ететін негіздердің бірі. Бұл жағдайда қарым-қатынас типтері мынадай болып келеді: теріс; ашуландырушы (назар салмау); дұрыс-оң; гиперсоциализация (ата-аналар дарындылықты, өз-өзін таныту мүмкіндігін өз баласының қабілеті арқылы жасауы немесе өздерінің орындалмаған потенциалды мүмкіндіктерін іске асыру). Дарынды балаларда әділеттілік сезімі айқын болады. Адамгершіліктің ерте дамуы қабылдау мен таным процестерінің дамуы алға басуымен байланысты. Олар қоршаған ортадағы әділетсіздікке өте сезімтал болады, өздеріне және айналадағыларға үлкен талаптар қояды. Дарынды балалар есептерді шығаруда ойын элементтерін енгізеді. Қиялы жүйрік, шығармашылығы жоғары, құрғақ қиялға берілгіш (ойдан шығарған достары, аға-інілері, апалары) болады. Дарынды балаларда эзіл-сықақ сезімі де жоғары дамыған, күлкілі, сәйкес келмеушіліктерді, сөздерді жасы-

ру т.б. ойындарды ұнатады. Дарынды балаларда эмоционалды баланс жетіспейді, олар балалық шақта шыдамсыз болады. Бұндай балалар энергиясы көп болуымен және аз ұйықтауымен де ерекшеленеді. Олардың моторлы координациясы мен қолдарын басқару, танымдық қабілеттерінен артта қалады. Оларға тәжірибе қажет. Мұндай балалардың зияткерлік және дене-физикалық дамуының арасындағы ерекшелік оларды толғандырып, өзбеткейлігінің дамуына әсер етуі мүмкін. Дарынды балалардың көру процесі 8 жасқа дейін тұрақсыз, оларға жақын қашықтағы фокусті алыстағыға алмастыру қиынға соғады.

Дарынды бала қарым-қатынас жүйесінде де ерекшеленеді. Мектепке дейінгі шақта, олардың жүргізуші іс-әрекеті - рөлдік ойындар. Балаларға құрбыларымен жеткілікті түрде айқын және тұрақты көрінетін қарым-қатынасқа деген қажеттілік туылады. (М.И.Лисина, Л.Н. Галигузова) [7;76].

Дарынды балалардың мінез-құлықтары мен жеке тұлғасының кейбір ерекшеліктері, оларды құрдастарының түсінбеуіне, олардың өзара қарым-қатынасында дау-жанжал кездесуіне және тіпті басқа балалардың оларды шеттетуіне әкелуі мүмкін. Оған мыналар себеп болады: серіктесін тыңдай алмау, доминанттылыққа ұмтылу, бірге ойнайтын ойындарда өзіне ұйымдастырушы рөлін алу, өз білімін көрсетуге ұмтылу, ересектердің зейінін өзіне аудартуға әрекет ету, табысы өзінен төмендеу балаларға қатысты шыдамсыздық таныту, формальдылық, басқаларды дұрыстау әдетінің болуы. Л. Хоменгуерт дарынды балаларды шеттетудің тағы бір мүмкін болатын себебін көрсетеді: «ойы жоғары болуына орай, дарынды балаларға өз құрбыларының ойындары қызықсыз болуы мүмкін». Өз құрбыларымен өзара

әрекетінде қиындықтар кездесетіндіктен немесе олардың себептерін түсінбеуінен, балалар ересектермен және өздерінен жасы үлкен балалармен достасуға ұмтылады. Бірақ жасы үлкен балалармен қарым-қатынас кезінде, оларда қиындықтар туындауы мүмкін, себебі, жасы үлкен балалардың дене-физикалық дамуы озық болады, сондықтан дарынды балаларға мұндай ортада лидер болу қиынға түседі. Қимыл-қозғалыс дағдыларының дамуы алға басқан жасы үлкен балалар сияқты бір нәрсені оңтайлы жасай алмағандықтан, адекватты еместігі дарынды балалардың өзіндік бағалауының төмен болып қалыптасуына әкелуі мүмкін. Өйткені, олар өздерінің жетістіктеріне өте сыншыл болып келеді. Адамдармен қарым-қатынасында өзінің мүмкіндіктері туралы пікірлері кесірін тигізеді, сондықтан дарынды баланың өз әрекетін іске асыруда «Мен» концепциясы маңызды болып табылады.

Дарынды баланың зияткерлік қажеттілігі эмоционалды күйдің күрделілігіне, неврозға және тіпті психозға әкелуі мүмкін. Ал невроздар өз кезінде депрессияға әкелуі мүмкін. Бұл кезде бала өзін айналаны танып-білуге неге ұмтылатынын түсіне алмайды. Ол шындық пен ойдан шығарудың арасындағы шкаланы бұзатын өзінің қиялындағы әлемге кетуі мүмкін.

Бала қаншалықты дарынды болса да, оны оқыту керек екенін ұмытпау қажет. Оларды тұрақтылыққа, еңбек етуге, өз бетімен шешім қабылдауға үйрету керек. Дарынды бала қысымды, шеттетуді, айқай-шуды көтермейді. Баланы мектепке дейінгі уақыттан бастап, шығармашылық еңбекке қатыстырып, шығармашылыққа қолайлы жағдай туғызу қажет.

Таланттарын дамыту үшін дарынды балалар өз уақытын еркін жұмсап, кеңейтілген оқу жоспарымен оқытылу керек. Бала өз мұғалімі жағынан назар ау-

дару мен индивидуалды қолдау көрсетуді сезуі қажет. Бұл жерде нені емес, қалай оқыту маңызды болып табылады. Дарынды баланың айтылған ойлар мен болжамдарды талдай алу мүмкіндіктері табиғи сараптамалық және сыншыл ойтұжырымының дамулы екендігіне сәйкес келеді.

Бүгінгі күнде дарындылық мәселесі түбегейлі шешілмеген және оны дамыту жолдары толықтай зерттелмеген, оған қоса дағдарысы мен дарындылық

табыстылығы арасында қарама-қайшылық бар. Дарындылық нәресте шақтан пайда болады, ол үнемі дамытуды қажет етеді. Арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінің өзі оқытушы мен дарынды оқушының арасындағы түрі жағынан бірлескен-диалогтік, ал мазмұны жағынан танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Осыған байланысты дарынды баланың жеке тұлғалық дамуы жүреді.

Әдебиеттер:

1. «Мәңгілік Ел». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ., 2016. – 26 сәуір.
2. Матюшкин А.М. Загадки одаренности. – Москва, 1993, 220с.
3. Чудновский В.Э. Одаренность: дар или ... – Москва, Знание, 1990, с. 15-28.
4. Учителю об одаренных детях (пособие для учителя) под ред. В.П. Лебедевой. В.И. Панова – Москва, Молодая гвардия, 1997, с. 18-26.
5. Психология одаренности детей и подростков (под.ред. Н. С. Лейтеса, –Москва. Издат. Центр «Академия», 1996, с. 4-55.
6. Лейтес Н. С. Об умственной одаренности. – Москва, 1960. С. 158-171
7. Краткий энциклопедический словарь. – Москва. Юрид. Литер. 1997, с.13-17.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДІК БҮРКЕНШІК АТАУЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Қыпшақбаева А. Қ.,
педагогика ғылымдарының магистрі,
Қазақ ұлттық хореография академиясының
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Астана қаласы

Жалпы этнос дәстүрінде адамның жалқы есімнен басқа да толып жатқан (жанама, бүркеме лақап, балама т.б.) қосымша аттары болады. Қосымша аттар адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ыңғайына қарай өзгеріп, әр алуан морфологиялық тұлғалармен түрленіп, сұхбаттасушы субъектілердің бір-біріне деген ізет-құрметін, көңіл-күйін, ішкі сезімін, дәстүрлі әдептілік пен жол-жоралғыны таныту үшін, жан дүниесін паш ету мақсатында

жұмсалады. [3. 65].

Антропоним – жеке адамға ресми түрде оны тану үшін берілген, жеке меншік есімдер жиынтығы. Антропонимдердің түсініктік мағынасы негізгі категориялары арқылы сипатталып отырады. Мәселен, а. антропонимнің жеке тұлға екенін білдіретін көрсеткіш: Peter, Lewis. б. белгілі бір ұлттық-тілдік тұтастыққа жататынын білдіретін көрсеткіш: Robin, Henry, William – Rene, Henri, Wilhelm –нен өзгеше. с. адам жы-

нысын білдіретін көрсеткіш: John, Henry – ер адамдар есімі; Mary, Elizabeth – әйел жыныстылар.

Тұлғалар термині, адамдарды атап, даралау үшін сөздік белгі ретінде қолданылады. Аталмыш дүниені үш үлкен топқа бөлуге болады.

1. Адамдарға ресми түрде берілетін есім

және оның варианттары: антропонимдер.

2. Атаулы сөздерден құралған адамдардың альтернативті есімді лақап атаулар.

3. Адамдарды атаудың аралас түрі, ол элемент ретінде тұлғаның ресми атауын, сондай-ақ атаушы элементін де қамтиды.

ДАРЛАУШЫ БЕЛГІЛЕР



Кесте 1. Ағылшын тұлғалары немесе персоналдары

Жеке меншік анторпонимдер	Көпше түрде	Жекеше түрде
	1. John, Mary, William, Jackson 2. Paddy - ирландиялық Bobby - полиция қызметкері Jane - қыз бала	1. Plato, Einstein, Shakespear, Caruso 2. Rothchild - бай әулет Soloman - дана, көсем Quisling - сатқын
Бүркеншік есімдер типі	Skinny - арық Rusty - қызыл шашты Chips - ағаш ұстасы	the Ayrshire poet - әйрширлық ақын the Father of history - тарих ғылымдарының әкесі (Геродот) the Iron Chancellor - темір канцлері (Бисмарк)
Аралас тип	1. Tiny Tim - қортық Holy Joe - әулие 2. Dennis the Menace, Dusty Miller	Bloody Mary - Мария Тюдор The Divine Sarah - Сара Барнер

Роман-герман тілдеріндегі бүркеншік атаулардың ерекшелігін зерттеген Г. Д. Томахин, Д. Ермолович, N.Rees, A. Delahunty, J. Barns еңбектерін атап өтуге болады. Ономастиканың антропонимика саласының негізгі мәселелерінің бірі – бейресми жалқы есімдер барлық халықтарда бар. Ағылшын халықтарында да лақап ат қою адамның бет-пішініне, мінез-құлқына, істейтін кәсібіне немесе бір ерекшелігіне байланысты қойылады. Кейбір тура тауып қойылған есімдер, сол адамға өмір бойы қосалқы ат болып қалады. Зерттеушілер пікіріне сүйенсек, жалпы лақап есімдер өзіндей белгілері бойынша лексика-семантикалық топтарға бөлінетіндігін аңғардық.

Бүркеншік аттар ертеректе қазіргі кездегідей мағынасына қарай сараланбаса керек. Тіптен алғашқы қоғамда ақ адамдар дене бітімі мен тұлғасына сай лақап есімдермен аталып отырған. Ал кейінгі кезеңдерде кісі аттарының түрлері дамып, функциясы, атқаратын қызметі жағынан ерекшелене бастағаны байқалады. Сөйтіп, қоғамның даму сатысына лайық адамдарға ат қойылып, оның мәніне де көңіл бөліне бастағанын көреміз. Ал мәдениеті дамып, жазба әдебиеті қалыптасқан халықтарда фамилия шыққан соң лақап аттар сиректейді. Мәселен, бұл құбылыс орыс тілінде XV ғасырмен салыстырғанда, қазіргі кезде баяу, өте сирегенін, тек экспрессивтік мәнерге ғана ие болып қалғанын көреміз.

Ағылшын тіліндегі кейбір бүркеншік есімдер анторпонимдерге қандай да бір эпитет немесе Great, Magnificent, Admirable, Wonderful т.б. сөздер қолдану арқылы жасалады. XIX ғасырда патшаларға «Great» сөзін қосқан екен. Ескеретін жағдай, бұл дәстүр барлық тілдерде бірдей қолданылмайды. Егер бұл эпитет ағылшын тілінде Alexander the Great деп атаса, қазақ тілінде Александр Македонский деп атайды. Оларға

ортақ нәрсе – белгілі нақты мінез-құлықты адамдарға қатысты стандартты лақап есімдер.

Бүркеншік ат адамның екінші бейресми аты ретінде қоғамның белгілі бір ортасында адамның өз атымен қатар қолданып, жеке адамның қадір қасиетін, оның объективті шындыққа қарым-қатынасын сипаттайды. «Лақап ат (жалған ат араб.) жеке адамның екінші, қосымша аты қызметін атқарады.»[4,26].

Ағылшын әдебиетінде жазушылар кейіпкерлеріне жанама есім бергенде, олардың қасиеттерін, батылдығын, жігерлігін, кемшіліктерін көрсеткен. Мысалы: “Alfred the Great”, “Edward the Martyr”, “Edward the Confessor”, “William the Bastard”, “Richard the Lion-Hearted”, John the Lackland”, “Richard the Coxcumb”, “Richard the Boar”, “Farmer George”.

Ағылшын тіліндегі бүркеншік атаулардың лексикалық мағынасына қарай төмендегіше топтастыруға болады:

1. Адамның жалпы кейпіне қатысты лақап есімдер: Buttercup, Cookie, Bunny (әдемі, сұлу қыздар үшін); Scarecrow, Goofy, Ugly, Mug, Fich Face, Monkey Face, Horse Face, Toad, Owl (сұлу емес, көріксіз қыздарға қатысты); Slob, Dirty Dick, Stinky, Fleabait (жинақы емес, қалай болса солай жүретін қыздар үшін).

2. Адамның бойына, дене бітіміне қатысты айтылатын лақап есімдер: Lanky, Lanky Liz, Lanky Panky, Bony Morony Bony Melony, LSD (Long Skinny Davy), Skinny Liz, Skinny Minnie, Spindle Dick, Thinima (арықтар үшін); Long, Longshanks, Longfellow, Long John Silver, Tall Paul, Spike, Skylon, Gulliver, Goliath, Tower of London, Everest, Wagstaffe, Stretch (бойшандар үшін); Fatty, Fatso, Fatima, Buster, Billy Bunter, Bessy Bunter, Billy Harbottle / Arbuckle / Arbicle, Tubby (семіз адамдарға қатысты); Shorty, Tiny, Tiny Tim, Tom Thumb, Titch, Midge (бойы

қысқа, қортықтар үшін);

3. Сыртқы келбет пен дененің жеке мүшелеріне қатысты лақап атаулар:

Big Head, Buffhead, Melon Head (басы үлкендер үшін, қазанбас), Big mouth (ауыздары үлкен, көп сөйлейтін мылжындар үшін), Bow Legs (кисық аяқтар үшін), Freckles, Spotty Dick (секпіл бет), Red, Rusty, Ginger (Том), Blue, Bluey, Carrot Top, Gingernut, Boodnut (қызыл шаштыларға арналған); Baldy, Skinhead (шашы жоқ таз адамдарға қатысты); Goldilocks, Goldy (ашық түсті шаштары бар адамдарға қатысты); Fuzzy (бұйра шаштыларға арналған); Peggy Parrot (үлкен мұрындылар үшін); Wingnut (қалқан құлақтыларға); Specky, Four-eyes (көзілдірік киюшілерге қатысты);

4. Адамның мінез ерекшелігі мен әдетіне қатысты лақап есімдер: Slow Joe (жалқау), Speedy (пысық, жылдам), Limpy (ақсақ); Lefty (солақай); Gabby (мылжың); Merry Andrew (күлдіргі); Flash Harry (тек мақтаныш үшін жұмыс істейтін адамдар үшін); Marred Lip, Moan-a-Lot, Waterworks Willie, Tearful Tilly, Mona Lisa, Crybaby Joe, Whiner (жылауық); Tom O'Dream (ұмытшақ адам); Lost Lawrence (кешігіп жүретін адамдар), Gobble Girty, Hungry Hogace (сараң адам);

5. Этникалық немесе нәсіліне шығу тегіне байланысты лақап есімдер: Mick, Paddy (ирландиялық); Jock, Mack, Sandy (шотландық); Taffy (Уэльстік); Frog, Froggy (француз); Moses, Ikey (еврей); Yank(ee), (Brother) Jonathan (американдық); Bluenose (канадалық); Jap (жапондық); Chink (қытайлық); Aussie (австралиялық); Limey, Limejuicer (ағылшын); Fritz, Heinie, Kraut, Boche, Jerry (неміс); Jim Crow, Uncle Tom (негр); Charlie (негрлер тілінде – ақ американдықтар).

6. Кәсіп, мамандық, лауазымға қатысты лақап есімдер: the Boss, the

Gaffer, the Guv'nor (бастық, директор); Chips (ағаш ұстасы); Spuds (бақ күтуші); Mrs Mopp (еден жуушы); Billy (полиция қызметкері); Holy Joe (дін немесе шіркеу қызметкері).

7. Жалпы мінезді субъективті бағалауға қатысты лақап есімдер: Buddy, Bub, Pops, Precious, Peanuts, Goo Goo (); Creep, Boo ().

8. Ақыл-ой қабілеттілігін бақылауға қатысты лақап есімдер: Clever Dick, Smart Alec, Tricky Dickie, Fox (ақылды қу); Birdbrain, Saphead, Jughead, Thickhead, Dumb Dora, Numb Scull, Silly Billy, Thick Mick, Nutcase (ақымақ ойсыз); Tom O'Bedlam, Tom Fool (есі дұрыс емес, нақұрыс жынды).

Ал ағылшын тілінде лақап есімдердің сын есім, жалқы зат есім немесе етістікпен тіркес негізінде жасалып, оларға титулдік қосымша көздер қосылатын моделі өнімді тәсіл болып саналады. Мұндай лақап есімдер әдетте белгілі бір нақты себеп бойынша, бір ситуация ішінде бір рет немесе бірнеше рет қолданылады, бірақ олар өте тұрақты емес [7. 95]. Егерде лақап есім адамға әртүрлі ситуацияда берілсе, онда ондай лақап есімді ситуациядан тыс деп анықтауға болады. Кейбір жағдайларда ситуациядан тыс лақап есім функциясы жалқы атау қызметін атқарып, адамның тұрақты белгілерін толықтай немесе жартылай сипаттауы мүмкін. Мысалы: “Boss” - Қожайын, “Crookback” - Бүкір, “Nosey” - Мұрынды, “the Dancing Chancellor” – Биші Канцлер 16 ғасырдағы өзінің атақты болған ағылшын канцлері К. Хаттонның лақап есімі. Басқа жағдайларда лақап есімдер адамның кездейсоқ сипаттамасы немесе әртүрлі ассоциацияға негізделген түрде көрініс табады. Егер мұндай лақап есімдер тұрақталып, бір адамға қатысты көбірек немесе азырақ тұрақты түрде қолданылса, онда ол өзінің алғашқы мотивациясымен байла-

нысын жоғалтады; бірнеше осы тектес лақап есімді атап өтейік: ‘Buffals Bill’ - көңіл көтеру шоу қоюшы, американдық импрессарио У. Кодидің лақап есімі; ‘Carability Brown’ – “it’s carable немесе it has great carabilities” фразаларын жиі қолданғандықтан, ағылшын архитекторы Л. Браунға қатысты айтылған лақап есім; “Elvis the Pelvis” – концерт кезінде жәй мықынын селкілдетіп тұратын мәнері болғандықтан, эстрада әншісі Элвис Преслидің лақап атауы; “the It Girl” – лақап есімі американ киноактрисасы К. Боудің “It” кинофильмінде басты рөлді сомдағаны үшін берілген.

Лақап аттардың бір түрі ретінде бүркеншік аттардың (псевдонимдердің) әлеуметтік мәні мен коммуникативтік қызметі ерекше. Бүркеншік ат (псевдоним) деп шын аттан бөлек, ойдан шығарылған, көп реттерде фамилия мен есімдер орнына жүретін атауларды айтады. Ол гректің псевдонимес сөзінен «жалған аталған, жасырын» деген ұғымды білдіреді. Бүркеншік аттарды әлеуметтік саяси өмірге қатысушы қоғам қайраткерлерді, ақындар мен жазушылар, журналистер мен көркем өнер мамандары пайдаланған. Бүркеншік аттарды пайдалану әсіресе өткен ғасырлардағы орыс көтерісшілерінде көбірек болған [8. 35].

Ағылшын тіліндегі лақап атаулардың ерекшелігі көбінесе оның құрамына, яғни олардың сөз белгілерінің құрылымына байланысты. Осыған орай, аталмыш тілдегі лақап есімдердің үш түрін атап өтуге болады: **антропонимикалық, аралас тип және меншікті емес.**

Антропонимикалық лақап есімдер антропонимнің формалды қайта жасалуына негізделіп, көбінесе фамилия мен атауларды қамтиды. Егер жалқы есімдердің варианты лақап есім жасауға келмесе, онда фамилияның ресми түрде өзгеруі басқа тәсіл болады.

1. Антропонимикалық лақап есімдердің төмендегідей жаса-

лу тәсілдерін атауға болады: а) фамилиялардың қысқартылуы, яғни соңғы буыны немесе соңғы бөлігін қысқарту (кейде - y, - ie, - ey, - s суффикстерін қосуға болады.) мысалы: “Cooper” – ‘Coop’, “Bogart” – ‘Bogie’, “Disraeli” – ‘Dizzy’, “Goldsmith” – ‘Goldy’, “Rickenbacker” – ‘Rick’, “Rockerfeller” – ‘Rocky’. Мұндай қысқартуға қазақ есімдері де түсуі мүмкін. Наполеон Англияны басып аламын деп қорқытқанды, газеттер жеккөрінішті “Bonaparte”-ден ‘Boney’ деген есімді қолданған. Екінші дүние жүзілік соғыс уақытында Жапонияның Сырты істер министрі “Shigemitsu” Американдықтардың берген ‘Shiggy’ лақап есімімен танылды. Ал батыста кеңестік лидер Горбачевке ‘Gorby’ деген есім берген.

б) Атаулардың аббревациясы, көбінесе есімдер мен фамилиялардың бас әріптерінен жасалады. Мысалы: GBS (George Bernard Show), LBJ (Lyndon Baines Johnson), GG (George Grossmith), Jix (William Joynson-Hicks), Casey (K.C. Smith), FDR (Franklin Delano Roosevelt).

2. Аралас типті лақап есімдер екі лексикалық элементтен тұрады: **антропонимикалық және атаулық** (образды бағалаушы немесе сипаттаушы) элементтер арасында мағыналық маңызына қарай аралас типті бірнеше топтарға бөлуге болады. Антропонимикалық және атаулық компоненттерінің мағыналары біршама жақын немесе алыстау топ – **эквицентрикалық** лақап есімдер тобы. Антропонимикалық элементте басты индивидуализатор болады да, атаулық элемент оның сыртқы әрекетінің немесе қызметінің белгісі болады. Мысалы: the Divine Sarah – атақты француз актрисасы Сара Бернар, Long Tom – Томас Джефферсон; Dismal Denis – Англияның Либералдық партиясының саясаткері Денис Хили; Guitar Baker – американдық гитарист М. Бейкер. Wild Bill – америка

тыңшылдық қыметінің басшысы Уильям Донован.

Лақап есімдер аралас типінің екінші түрі - **эндоцентрикалық**. Оның басты элементі - антропоним, ал екінші элементі референтті шартты сипаттайды., себебі оның негізгі қызметі – үндестік эффектісі. Мысалы: Tricky – Dickie, Dennis the Menace, Eustace the Useless.

Э. Партридж терминологиясы бойынша, inseparable немесе inevitable nicknames деп аталатын эндоцентрикалық лақап есімдер арасында ерекше атап өтетін “шарасыз” лақап есімдер тобы өте кең таралған танымал фамилияларға негізделген. Атаушы элемент әдеттегідей ассоциацияға бағыталған. Мысалы: Chalky White, Spider Webb, Knocker Walker, Dusty Rhodes, Doughy Baker.

Эндоцентрикалық лақап есімдердің элементі тек атаушы сөз ғана емес, екінші антропоним ассоциацияланған жаңа атауды құрайды. Мысалы: Wilkie Collins (жазушы атауы), Tod Hunter (мектеп оқулығының авторы), Dolly Gray (өлең атауы), Johnny Walker (виски атауы).

Экзоцентрикалық лақап есімдерде басты рөлді атаушы сөздер, адамның қандай да бір маңызды сипаттамасын немесе әрекетінің, қызметінің белгісін білдіреді. Олар көбінесе көптік антропонимдерге негізделген. Егер жеке жалқы есім болса, антропоним дериват түрінде, ал атаушы элемент сын есімнен, көбінесе атрибутивтік зат есімнен жасалады. Мысалы: Merry Andrew - «сайқы-мазақ», Clever Dick, Smart Alec - «білгір, білгіш»,

Spotty Dick - «секпіл бет», Ginger Tom - «қызыл шашты», Fatty Harbuckle – «семіз», Holy joe – «дін қызметкері», Tiny Tim – «қортық».

Жалпы лақап есімдер шартты болады, себебі ол адамның түпкі есімімен сәйкес келмейді. Экзоцентрикалық лақап есімге бұл жағдайда антропонимдік элемент атаушы элементке үндестік-аллитерация немесе рифмаға сәйкестеледі. Мысалы: Bony Morony, Plain Jane, Silly Billy, Dumb Dora, Lanky Liz, Baldy Bain, Teafull Tilly, Dirty Dick, Nervous Nelly, Waterworks Willie, Tiny Tim. Сондай-ақ аралас типті лақап есімдер топтары бірі-бірінен бөлінбейді. Бұл лақап есім түрлі сапада қолданыла береді. Мысалы, эквицентрлік топқа жататын “Long Tom” Томас Джефферсонға қатысты қолданғанда, бір мезетте экзоцентрикалық топқа да жатып, кез-келген жоғары қызметтегі адамды білдіреді.

3. Меншікті емес лақап есімдер тек қана атаушы элементтен тұрады.

Құрылымы бойынша бір сөзді Spike, Bull, the Duke және бір сөзді емес Ugly Mug, Desert Demon, the Lady of the Lamp болуы мүмкін. Аталмыш лақап атаудың әртүрлі сөз таптарынан құралатын жағдайы да кездеседі. Мысалы: the Brewer, Buster, Chips – зат есім; Lucky, Previous, Shorty – сын есім, Mr.Know All, Moan-a-lof, Bell-the-cat – етістік.

Кесте 2. – Лақап атаулардың құрылымдық мотивациясы бойынша топтастырылуы

Құрылымдық түрлері	Элементтері	Ағылшын тілінде (%)
Антропонимикалық тип	а. фамилиялардың қысқартылып жасалуы	73,7
	ә. атаулардың аббревациясы	8,8
Аралас тип	а. эквицентрикалық	4,5
	ә. эндоцентрикалық	4,5
	б. экзоцентрикалық	10,8
Меншікті емес типтер	а. бір сөзді	4,3
	б. бір сөзді емес	5,3

Сонымен, лақап есімдердің табиғатын, оның әртүрлі қасиет-сипаттарын әлеуметтанымдық тұрғыдан зерттеудің мәні де айтарлықтай. Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-

тұрысы, адамдардың өзара қатынасына т.б. байланысына тағылған лақап есімдер тілімізде аз емес. Осы тұрғыдан қарағанда, олар көбіне өзгергіш, экспрессивтік мәнге ие, бірақ этномәдени сипатқа негізделген.

Әдебиеттер:

1. Жанузаков Т. Дж. *Лично-собственные имена в казахском языке. Автореферат дисс. кан. филол. наук.* - Алма-Ата. 1960. с56,45
2. Сепир Э. *Избранные труды по языкознанию и культурологии.* - М.: наука, 1999.
3. Тілеубердиев Б. *Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілірі.* - Алматы: Арыс, 2006.
4. Мусаев К. М. *Лексикология тюркских языков.* - М: Наука. 1984. 205 с.
5. Delahunty A. *Oxford Dictionary of Nicknames.* – Oxford: Oxford University Press, 2003. – 229 p.
6. *Just in the „Nick“ of Nicknames.* – URL: <http://www.pubclub.com/nicknames.htm> (13.06.2009).
7. Morgan J., O'Neill Ch., Harre R. *Nicknames. Their Origins and Social Consequences.* – London, Boston, and Henley: Routledge and Kegan Paul, 1979. – 153 б.
8. Абдрахманова Т. М. *Қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдерінің ерекшелігі // Тілтаным, 2004, №4, 129 б.*

ТЮТОРСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГОВ

Боранбаева Л. К.,
старший преподаватель кафедры ИТ и МПЕНД
ФАО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г.Астана

Одной из актуальных проблем современного образования в Республике Казахстан является непрерывное систематическое профессиональное развитие учителя. Роль и значение непрерывного образования были озвучены Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым на втором съезде работников образования и науки: переход от модели «Образование на всю жизнь» к эффективной модели «Образование на протяжении всей жизни». Современная система образования предъявляет к педагогическому работнику следующие требования: систематически повышать свой профес-

сиональный уровень, уметь самообразовываться и самосовершенствоваться, т.е. уметь проектировать собственное профессиональное развитие.

В условиях модернизации современного образования педагог является основным участником экспериментов, проводимых в системе образования, ее главным ресурсом. Для того, чтобы решать поставленные вопросы на новом уровне, педагогу необходимо осваивать новые компетенции, выходить на новый уровень профессионального развития, т.е. необходимо создавать условия для появления у педагогов внутренней уста-

новки на собственное развитие.

Управлять процессом развития всегда сложно. Поэтому возникает необходимость тьюторского сопровождения педагогов, обеспечивающего его профессиональное развитие. Особенно это ценно в курсовой, посткурсовой, межаттестационный периоды. Желательно создание системы тьюторской поддержки педагогов, которая должна быть направлена на развитие индивидуального стиля педагогической деятельности, повышение методической, психологической, исследовательской, технологической культуры учителя. Для этого предполагается проведение мониторинга личностно-профессионального развития педагога. Тьюторское сопровождение выводит педагога на новый уровень развития и позволит быть успешным в профессиональной деятельности.

Тьютор в переводе с английского «tutor» означает домашний учитель, репетитор, наставник, опекун. Согласно И. Д. Проскуровской, исследовавшей историю тьюторской системы, впервые тьюторство возникло в виде наставничества в Британских университетах – Оксфорде (XII век), Кембридже (XIII век). У нас тьюторство представлено, прежде всего, в дистанционном обучении на курсах повышения квалификации в режиме смешанного обучения (Blended learning) как преподавание-консультирование, а в школе как сопровождение индивидуальных образовательных программ учеников.

Смешанное обучение - это технология обучения, которая сочетает в себе как традиционное очное, так и дистанционное обучение. Очное обучение представляет собой самостоятельное обучение педагогов с использованием электронных образовательных ресурсов (ЭОР) на Национальном образовательном портале (<http://bl.orleu-edu.kz/>). Дистанционное

обучение включает в себя on-line активности (вебинары, on-line консультации, on-line форумы), которые тьютор проводит совместно со специалистом отдела информационных технологий. Благодаря on-line активностям тьютор отвечает на возникающие вопросы и объясняет новый материал удаленно, что экономит время для слушателей и самого тьютора.

Но для того, чтобы участвовать в курсах повышения квалификации в режиме смешанного обучения педагоги должны обладать высоким уровнем ИКТ-компетентности: уверенно пользоваться компьютером, уметь работать с web-браузерами, на образовательных порталах, иметь представление о работе с удаленными ЭОР.

В широком смысле, тьютор определяется Т. М. Ковалевой как тот, кто сопровождает процесс освоения деятельности. В определении Н. Рыбалкиной тьютор – это позиция взрослого, который помогает учащемуся строить индивидуальную образовательную траекторию.

В условиях инновационных процессов, происходящих в связи с обновлением содержания образования, педагоги как никогда нуждаются в научно-методической и психологической поддержке. Требования, предъявляемые к образованию, предполагают смену позиции педагога: с позиции «методиста» и «диагноста», организующего обучение и воспитание детей, на позицию тьютора, сопровождающего и содействующего развитию ребенка. Как педагогу «присвоить» такую позицию? Вполне закономерным будет предположить, что для оказания помощи педагогу в организации сопровождения развития ребенка необходимо выстраивать профессиональное взаимодействие с самим педагогом на подходах тьюторского сопровождения. Кроме того, в настоящее время в связи с внедрением обновленного содержания дошкольного и

среднего образования, направленного на развитие физических, личностных, интеллектуальных качеств детей, формирование ключевых компетентностей, необходимых для обеспечения их социальной успешности и конкурентоспособности на протяжении всей жизни, требуются грамотные педагогические кадры.

Непрерывность профессионального развития педагогов организаций образования можно реализовать через организацию самообразования, работу методистов, педагогов-наставников. Индивидуальный подход предполагает управление молодыми педагогами, организацию их самообразования с учетом индивидуальных особенностей личности педагога. Индивидуальное сопровождение молодого педагога организаций образования является одной из форм тьюторского сопровождения в системе непрерывного образования педагогических кадров.

Индивидуальное сопровождение - это создание психологически комфортных условий для профессиональной деятельности педагога. Его осуществляет тьютор, оказывая помощь при решении вопросов, возникающих в процессе самообразования. Оказание помощи в реализации индивидуального образовательного маршрута профессиональной подготовки определяется в каждом конкретном случае, исходя из опыта работы педагога в организации образования, характера его образовательных запросов и интересов, уровня его профессиональной компетентности, конкретных достижений, сильных и слабых сторон.

Как сопровождающий профессио-

нальное развитие тьютор помогает разрабатывать индивидуальные образовательные программы, организует вхождение в такие виды деятельности, как проектная и исследовательская, за счет чего педагогам удастся увидеть, выявить проблемы собственной практики и найти пути их решения. Также тьютор помогает учителям анализировать, рефлексировать и конструировать свою деятельность с целью понимания педагогами своих достижений, осознания своих затруднений и корректировки действий.

Важным компонентом маршрута являются «контрольные срезы» его прохождения, которые обеспечивают оценку и самооценку успешности работы. Это могут быть ведение дневника индивидуального образовательного маршрута, выступления на заседаниях педагогического совета и методического объединения, проведение открытого просмотра организованной учебной деятельности, открытых уроков, защита методических или дидактических материалов, написание статей в научно-методический журнал. После завершения программы индивидуального сопровождения педагога проводится анализ результатов и дается общее заключение.

В завершение следует отметить, что индивидуальное сопровождение обеспечивает непрерывность профессионального развития педагогов, повышает их теоретико-методологический уровень и квалификацию, а также способствует уверенному преодолению проблемных ситуаций, возникающих в профессиональной деятельности.

Литература:

1. Железцова Г. А. *Сопровождение: теория и практика*. Красноярск, 2004.
2. Ковалева Т. М. *Тьюторское сопровождение как определенный тип поддержки управленческой команды в сфере образования*. Москва, 2003.
3. Кулемина М. П. *Повышение профессиональной компетентности учителей технологии посредством тьюторского клуба. Открытая школа. Первое сентября*. 2016.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕРІ: МАҢЫЗЫ, МАЗМҰНЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Мұратбаева Г. А.,

Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, п.ғ.д., ҚазМемҚызПУ

Қоңырбаева С. С.,

Жалпы педагогика кафедрасының асс. профессоры, п.ғ.к., ҚазМемҚызПУ, Алматы қаласы

XXI ғасыр жаһандық жаңалықтардың ғана емес, білімнің дәуірлеу ғасыры. Ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуымен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін көрсетуде маңызды рөл атқарады. Жаһандану дәуірі – әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі, сондықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына 2017 жылғы Жолдауында ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет деп көрсетті. Елімізде маман кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі әлеуметтік-экономикалық, техникалық жүйелердің және технологиялардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады [1].

Сондай-ақ, Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқы-тып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ»

бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс.

Әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы [2] деген сынды пайымдаулар бар.

XXI ғасыр – әлемдегі өзгерістерге негізделген білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені, ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік рыноктағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін анықтауда негізгі көрсеткіш саналады.

Қазіргі білім берудегі трендтер мен инновациялық технологиялар педагогика ғылымы мен практикасының жетістіктерін, дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені, әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы қызметін атқарады. Педагогикалық жаңалық - жаңа идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, педагогикалық процесс элементтерінің бірлігінің немесе жеке элементтерінің білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді тиімді шешу жолы. Аталмыш

мәселе көптеген ғылыми зерттеулерге негіз болған.

Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін алыс және жақын шетел, әсіресе Ресей ғалымдары М.В.Кларин, А. В. Лоренсов, М. М. Поташник, П. И. Пидкасистый, Л. И. Романова, Т. И. Шамова, В. И. Загвязинский, О. Г. Хомерики, Н. Р. Юсуфбекова және т.б. қарастырылған.

Отандық ғалымдар Н. Д. Хмельдің еңбектерінде педагогтердің кәсіби сапасын арттыру, олардың педагогикалық білігін қалыптастыру; оқытушының инновациялық және психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдіру М. И. Дьяченко, Г. Қ. Нұрғалиева, Ж. А. Қараев, Б. А. Тұрғанбава еңбектерінде, оқытушылардың ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдіру А. Е. Әбілқасымова, Е. Ы. Бидайбеков, Қ. Қ. Қабдықайыров, Е. Ө. Медеуов, А. Қ. Рысбаева, А. Қ. Әлімов, К. Ж. Бузаубақованың еңбектерінде зерттелген.

Оқытуды дербестендіру, сторителлинг, оффлайн және онлайн оқыту – негізгі оқыту форматы, дегенмен бұл жалғыз дамушы оқыту форматы деген сөз емес, қазіргі таңда 2017 жылы олар одан әрі қарқынды дами бастады.

«Жаңа нәрсені үйренуге мүмкіншілік жоқ» деген ұғым – бұрыннан бері қалыптасқан түсінік. Қазіргі заманғы оқыту нұсқаларының тиімділігі соншалықты, бағдарламаландыруды үйрену, шет тілін, маркетингті, нейроменеджментті және басқа да түрлерін онлайн жүзеге асыруға болады. Оқытуды бағдарламалау, шет тілі, маркетинг, нейроменеджмент және басқа да түрлері тек онлайн.

Сонымен қатар, бұл бизнес-білім беруге де қатысты: 4 жыл бойы сізді ешкім партада отыруға мәжбүрлемейді. Жақсы білім мен ыңғайлы жұмыс кестесіне ие болғыңыз келсе, трендтерді бақылай жүріп мақсатыңызға қол жеткізесіз.

1-Тренд: оқытуды дербестендіру. Ағылшын тілі курстарына барып жүргендер бұл трендті екі жыл бұрын байқаған болар. Құрылымдалған кесте бойынша «сейсенбі-

бейсенбі 19.00» – қазірде сәнді емес. Қазір әрбір студент сабақ үшін ыңғайлы уақытты өзі таңдап және уақытын зая кетірмей оқып үйрене алады. Тағы бір мысал – онлайн-білім. Сіз дәрісті спорт залында не болмаса жүгіретін жолда болсын яки машина кептелісінде болсын, қарап оқи аласыз.

Қазірдің өзінде тыңдаушы өз қажетіне сай бейімделген ақпаратты басқа тәсілмен салыстырғанда жақсырақ меңгеретіндігі дәлелденді. Ал «жеке көзқарастың» ұтымды тұсы, бұл әрбір студентке оқытушы жеке жеке жүгінеді. Сондай-ақ, әрбір студент спикерге онлайн форматта сұрақ қоя алады.

2-Тренд: сторителлинг оқыту әдісі ретінде. Біз күрделі нәрселерді жеңіл жүзеге асыруға болатындығы туралы әңгімелегенді жақсы көреміз. Бұны қалай жүзеге асырамыз? Әрине нақты мысал мен қызықты оқиға арқылы. Алдағы жылдарда білім беруді жеңілдету мақсатында ақпараттарды адамдардың тарихы арқылы, яғни, фильмдерден не болмаса кітаптардан мысалдар келтірумен онтайландырады. Алайда әңгімелердің бәрі бірдей — сторителлинг емес.

Ең алдымен, айтылған әңгімелер өмірлік тәжірибемен үйлескені абзал. Мысалы, Вячеслав Климовтың «Жаңа поштасының» ұтымды клиентке бағытталған маркетингі туралы айтуын алсақ болады [3].

Екіншіден, кез келген әңгіме тыңдаушыларды қандай да бір шешім қабылдауға жетелейтін логикалық тонда аяқталғаны дұрыс. Ал тағы бір маңызды нәрсе оны презентация немесе бейне түрінде сапалы ресімдеу. Білім беру тұрғысындағы әңгімелердің жақсы тұсы бұл ықыласты арттырып, ынталандырады.

3-Тренд: челленджер арқылы оқыту. Егер сіз «өзім үшін» деп баяу қарқынмен оқитын болсаңыз, бұл басқа нәрсе де, өзіңізге өзіңіз шақыру тастап, толығымен оқыту үрдісіне беріліп, тапсырмаларды орындап, челленджердің басқа қатысушыларымен жарыса отырып оқып, бір-бірлеріңізді қолдап және бойларыңыздан прогресс (алға жылжуды) байқап қолдау, бұл басқа нәрсе. Міне, бұл - керемет. Бұл оқыту түрі қалай жүзеге асады, Анна Петрова өзін-өзі дамыту бойын-

ша бір жыл ішінде онға жуық челленджді өзінің «Wake UP» атты жобасында зерттеп қараған болатын.

Қазір бізде Startup Challenge өтіп жатыр және біз де осы форматтың тиімділігін көріп отырмыз. Әдеттегі онлайн-оқыту барысында жүз адам өз бетінше емес бизнес-жоспарлауды талқылап және тапсырмалары орындауға ұмтылмас та еді. Дегенмен олар басқа қатысушылардың тапсырманы орындап, жабық топ ішінде есеп жүргізгенін білгенде, оларда мотивация (қозғаушы күш) пайда болып, олар тапсырманы орындауды жеделдетеді.

4-Тренд: бейресми жағдайда оқыту. Адамдарды парта, сынып, тіпті супер модернизацияланған болса да такта да жалықтырып жіберген. Сондықтан, қазір дәрістер коворкингте-кресло-қаптарда және бос кеңістікте бір шыныаяқ кофе ішіп, немесе бір бокал шарап ішіп кафеде жүргізіледі. Мақсаты – оқытуға барынша қолайлы жағдайлар жасау.

Біз Startup Ukraine жобасымен одан әрі жылжымыз және тек жайлы жағдайда ғана оқып қана қоймай, жайлылық және шабыт атмосферасындағы релакске толы жағдайда оқытуды ұсынамыз. Мысалы, «Made in Ukraine» күзгі бизнес-лагері Львов облысындағы Edem Resort Medical&Spa қонақ үй кешенінде өткен. Қатысушылар өз бизнес-стратегиясын әзірлеп қана қоймай жүйелендіріп, жаңа деңгейге қалай шығу керектігін үйрене отырып, табиғат аясында керемет демала да біледі. Бұл оқытудан одан кейін тынығудың да қажеті шамалы.

5-Тренд: корпоративті онлайн-оқыту. Бұл компаниялар үшін тиімді, өйткені қызметкерлерді басқа қалаға оқуға жіберу немесе жұмыс біліктілігін арттыру үшін жұмыстан босатудың қажеті жоқ.

Сонымен қатар, мұндай оқыту форматы қызметкерлерге белгілі ақпараттарды өткізе отырып, тек қажетті білім алуға мүмкіндік береді. Яғни, аз уақыт және аз қаржы жұмсай отырып, жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

6-Тренд: ұялы телефон арқылы оқыту. Біршама уақыт бұрын мобилдік қосымшалардың көмегімен, ағылшын тілі лексикасы мен грамматикасын оңай үйренуге болатын еді. Келесі жылы мобилдік оқыту жаңа деңгейге шығып, оқыту үшін одан да көп кеңейтілген функционалы бар қосымша қолданбалар шығатын болады. Сіз біліміңізді онлайн тексерістен өткізіп, аудио дәрістерді тындап және қысқа бейне сабақтарды немесе презентацияларды өзіңізге ыңғайлы жерде қарай аласыз.

7-Тренд: аударылмалы оқыту. Аударылмалы оқыту дәстүрлі білім беру артықшылықтары мен онлайн-білім беру аспаптарын біріктіре оқыту түрі. Тек айырмашылығы сол - студенттер дәрісті үйде қарай алады, сондай-ақ сыныпта, сабақтарда үй тапсырмасын орындайды. Неге бұл тәсіл дәстүрлі білім беруге қарағанда неғұрлым тиімді? Ең алдымен, практикалық тапсырмалар лектормен бірге және оның көмегімен орындалады, ал дәрістерді өзіңізге ыңғайлы уақытта көруге мүмкіндік бар. Бұл жағдайда, оқытушы сіздің дәрісті оқуға және де слайдтардың қай бетіне қанша уақыт жұмсағаныңызды көре алады. Практикалық тапсырманы орындау сіз топта болғанда жүргізіледі, бұл уақытта интерактивтік өзара іс-қимыл жүзеге асады.

Ыңғайлы форматта оқуды таңдау арқылы сіз өз болашағыңыздағы дамуыңызды инвестициялау мүмкіндігі бар [4].

1-Кесте. Білім берудегі 2017 жылдың трендтері

Р/с	Білім беру трендтері	Білім берудегі педагогикалық ерекшелігі
1	Оқытуды дербестендіру	Ұжымға, кестеге қатыссыз жеке оқу мүмкіндігін туғызу.
2	Сторителлинг оқыту әдісі ретінде	Кітаптан, өмірден тақырыпқа қатысты түрткі болатындай кейіпкерлер туралы әңгімелей отырып, оқыту әдісі.
3	Челленджер арқылы оқыту	Оқу барысында қатардан қалмау үшін, басқалар әрекетіне еріксіз араласатын «шақырулар» қоя отырып білім алу.

4	Бейресми жағдайда оқыту	Білім алушыға дәстүрден тыс ыңғайлы жағдайда, атмосферада, білім беру.
5	Корпоративті онлайн-оқыту	Компаниялар үшін тиімді, білім алушы жеке-жеке оқып жүрмейді, бірге білім алады.
6	Ұялы телефон арқылы оқыту	Мобилдік қосымшалардың көмегі арқылы білім алу.
7	Аударылмалы оқыту	Білім алушыны виртуалды бақылау, тапсырманы қанша бетін оқығанын білу.

2017 жылғы білім беру трендтерін саралай келе, біз тағы да техника мен электрониканың дамуы себебінен туындайтын тағы бірнеше өздігінен сұранып тұрған трендтердің болуы – педагогикалық заңдылық. Себебі, техника дамыған жерде технологиялар еріксіз орын алады. Бұған дәлелдерді біздің IT-мамандар көп келтіреді.

IT-білім берудегі «күтпеген» 5 тренд. Mail.Ru Group компаниясының білім беру бағытындағы басшысы Дмитрий Волошин қазірдің өзінде басталған болашақ туралы қарастырады.

Білім беру тек бір қарағанда консервативті өмір сүру саласындай көрінгенімен: шын мәнінде, бұл жерде «күтпеген» жайттар жетерлік. Жақында ғана электрондық оқыту офлайн режимге ауысатындай көрінген, алайда нәтижесінде онлайн нұсқасы әзірше үлкен жеңіліске ие болып тұр. Егер IT саласы туралы айтатын болсақ, онда аталған трендтер жиі кездеседі. Mail.Ru Group компаниясының зерттеулер және білім департаментінің директоры Дмитрий Волошиннің жіктеулерінше олардың ең қызықтыларына тоқталып өтпек.

1. Оқу бағдарламаларын өз бетімен жасау. Бірнеше жыл бұрын компания қызметшілер штатына «барлығына бірдей үлгеретін» әмбебап қызметкерлерді алуға ұмтылды. Бүгінде бейінді маман иелері көбірек бағаланады және жыл сайын осы немесе өзге мамандандыру саласы дамып, көптеген бөліктерге бөлінуде. IT саласында мысал келтіретін болсақ: біз бұрын істі әмбебап мобильді әзірлеушілермен жүргізетін едік, ал бүгінде Android, iOS және Windows Phone әзірлеушілері – бұл үш түрлі адам, ал ертеңгі күні біз жұмысқа

әр мобилді платформадағы front-end әзірлеушілер қабылдайтын боламыз.

Қажетті мамандықты таңдап, білім алу үшін бүгінгі студенттерге барынша еңбек нарығында бірден сұранысқа ие болатындай етіп, өз оқыту бағдарламасын қажетті білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретіндей етіп құрастырғаны жөн. Әдетте, бұл үшін әртүрлі білім ордаларында бәлкім әртүрлі қалаларда білім алуға тура келеді, дегенмен бір бірін үйлесімді толықтыратын курстардың тізбегін салу шарт.

Жоғары білім берудің фетиші сол, біздің елімізде онсыз да ұзақ ғұмырлылары бірте-бірте жоғалуда. Мүмкін, болашақта адам әрқашан оқып үйренетін болар, сөзбе-сөз айтсақ өмір бойы (бұл трендті мен lifelong learning атар едім). Ақпараттық технологиялар саласында бұл былай көрінуі мүмкін, мәселен, IT саласы негіздері зерделеген жас маман екі жыл бойы N компаниясында жұмыс істейтін болады, содан кейін – екі жыл барынша мамандық бойынша оқитын болады. Содан кейін M компаниясына келіп, араға бір-екі жыл салып тағы да оқуға аттанады және де бұл әрі қарай жалғаса бермек.

2. Оқытушының бренді. Бүгінде бүкіл әлемде жоғары оқу орындары өздері бренд болудан қалған, бұл екпін онда жұмыс істейтін оқытушылардың жағына жылжуда. Яғни, сенің қайда емес, кімде білім алып жатқаның бірінші орынға шығуда.

Оқу орны бренді қазірде бұл оқу орны ішінде жұмыс істейтіндердің брендінің жиынтығы яки команда ретіндегі көрінісі. Егер мен ректор ретінде өз жоғары оқу орнымда дәріс беріп, ғылыми зерттеу жүргізетін он шақты профессорды қызықтыра алсам, онда олар арқылы менің жоғары оқу орныма деген қызығушылық

арта түсер еді. Бұл оқытушылардың командасы, өз кезегінде білімді талапкерлерді қызықтырады – және олар да өз кезегінде ЖОО-ға деген қызығушылықты арттыруға жұмыс істейтін болады.

Елімізде бұл тренд әзірге кең танымал емес: бізде тарихи тұрғыда ЖОО брендіне үлкен мән береді, бірақ көп ұзамай, біз де бұл тенденцияны көретін боламыз. Адамдар ЖОО аттарына емес, ондағы білім алушылардың жетістігіне не болмаса атақты профессорларына назар аудара бастайды.

Әлемдік IT-білім бұл неғұрлым айқын тренд, сонымен қатар, бізде IT саласымен айналысатын адамдардың құзыреті айтарлықтай жоғары. Мұнда Ресейде негізінен жұлдыздар өте көп, жетістік тарихы көп, сонымен қатар, мақтан тұтарлық заттар да жоқ емес. Бұл тұрғыда біздің елімізде тренд аса бір қолайлы сипатқа ие.

3. Білім интернационализациясы. Бұл - көбінесе технологиялық тренд. Өйткені, IT-саласының бүгінгі тілі – ағылшын, бұл мамандығы бойынша табысты болуы мүмкін мамандардың шеңберін өте шектейді. Сен болашағынан үміт күтетін жас маман болуың мүмкін, бірақ егер сенің ағылшын тілін «My name is Vasya» деген сөз тіркесімен ғана шектелсе, жұлдыздарға апарар жол тарту саған жабылады.

Бұл барлық жаңа бағдарламалар мен кәсіби әдебиет, шетел өнімдерінің құжаттамасы, форумдар – ағылшын тілінде болғанына байланысты. Трендтің мәні сол, қазір автоматты аудару жүйесінің жоғары дәрежеге жеткені сонша, шет тілін білмей-ақ ол тілде білім алуға болады. Менің болжамым – бұл тренд одан әрі күшейе түсетін болады және сапалы автоматты синхронды аударма болатын кездің де ауылы алыс емес. Студенттер оқытушымен тапсырмаларды өзіне бейтаныс тілде нақты уақыт режимінде талқылайтын уақыт та жақын.

Осылайша, бізді білім беру интернационализациясын оңтайландыру немесе тіпті тілдік кедергіні жою күтіп тұр. IT саласы және нақты бір тілде білім беру саласында жүзеге асырылады, бұл трендтің маңызы зор.

4. Аралас оқыту (blended learning). Интернеттің жаппай енуіне байланысты

қазірде электрондық оқыту (e-learning) форматы пайда болды, көпшіліктің пайымдауынша бүкіл білім беру саласы (және IT-білім беру бірінші кезекте) жедел онлайн оқытуға кетеді деп есептеді және бұл оның жеңілдігіне байланысты болды. Бұл болашақ МООС және осындай форматтарға байланысты болды. Бұл аудиторияларда лекциялар оқып үйренген профессорларға аула сыпырушы болып, қайта мамандануға тура келетіндігін көрсеткендей болды.

Алтыншыдан, балабақша мен отбасының арасында педагогикалық ынтымақтастықты сақтау, отбасындағы бала тәрбиесіне баса назар аудару қажет және отбасымен жүргізілетін жұмыстарды жетілдіру. Атап айтқанда: отбасының қызметін: әлеуметтендіру (қатарға қосу), әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық-психологиялық қолдау, отбасының материалдық жағдайы, отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, отбасының жалпы мәдениеті, тосын жағдайдағы қызметіне көңіл бөлу қажет.

Балабақша мен отбасының өзара ынтымақтастығын орнату, «балабақшаға келгенде тәрбиешінің баласы, ата-ана үйіне алып кеткенде отбасының баласы» деген қағиданы ұстанып, тәрбиеші педагогтің жұмыстарына психологиялық, әміршілдік тұрғыдан ата-ана тарапынан қысым жасалмау керек, ол сіздің балаңыздың көңіл-күйіне әсер етіп, күні бойындағы педагогтің жұмысына да кедергі келтіретінін ұмытпаңыздар. Ал педагогтер өзінің парызы мен қарызын орындауға міндетті.

Жетіншіден, басқару жүйесіндегі педагогикалық менеджментті жетілдіру.

Менеджменттің қызметтерін және жаңаша озық идеяларды оқып үйрену, инновациялармен танысу арқылы педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру. Еңбек жолын жаңа бастаған жас мамандарға, жалпы тәрбиеші-педагогтер қауымына семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптары, конференцияларға қатысып, болашақта өздерінің алдыңғы қатарлы озық тәжірибелерін насихаттауға көңіл бөлуі керек. Заманауи қоғамға тәрбиеші-орындаушы емес, тәрбиеші-зерттеуші, арнайы жоғары білімді, бастамашы нағыз педагог әрі психолог маман болуы қажет. Педагогтердің кәсіби күзіреттілігін өз іс-әрекетінің сапасына жауапкершілікпен қарауы, балабақша қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін жасау керек. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі балалардың мектепте, болашақта табысты оқуы мен бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуы

мен дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ, балабақшалардың материалдық-техникалық базасын жақсартудың қолға алынуы. Мектепке дейінгі ұйымдардың материалдық базасының жақсы жабдықталуы мамандардың кәсіби қызметін дұрыс жолға қоюына ықпал етеді [6].

Ойымызды қорытындылай келе, мамандар даярлаудың сапасын арттыруда оның қазіргі кезеңдегі нақты жағдайын, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап алып, оқыту нәтижелерін жақсарту үшін қандай жұмыстар атқару керектігіне байланысты іс-шаралардың жүзеге асырылуына баса назар аударылу қажет. Мектепке дейінгі ұйымдардың заманауи педагогтері, басшылары үйлесімді дамыған, ішкі жан дүниесі бай, рухани, кәсіби, мәдени жетілуге ұмтылысы мықты тұлға болғанда ғана білім беру сапасын көтеруге қол жеткізе аламыз.

Әдебиеттер:

1. 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 2016.
2. Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. «Егемен Қазақстан». 2017.
3. А. Қ. Құсайынов. Орта білім беру жүйесіндегі дағдарыс: шығу жолдары. – Алматы. Ронда. 2016. - 63 б.
4. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана. 2016.
5. Ф. Н. Жұмабекова. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудың педагогикалық-әдіснамалық негіздері. Монография. – Астана, Сарыарқа баспасы. 2012. - 284 б.

БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

Косжанова А. Т.,
«Академия» мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешісі, Астана қаласы

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің стратегиялық міндетіміз – бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу» делінген. Ал өмір сүріп отырған қоғамның әл-қуатын жақсарту және әлем елдерімен терезесін тең дамыту – сол елдің білім саясатының

арқасында жүзеге асатыны белгілі. Сапалы білім – ел экономикасын, саясатын әлем алдында бәсекеге қабілетті болуға апаратын бірден бір жол.

Қазіргі таңдағы негізгі талаптардың бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған, жаңаша, тәуелсіз, ойлай алатын

шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Логика – адам ойының логикалық формалары жағынан және кіріспе білім алу үдерісі кезінде, ақиқатқа жетуін оның заңдары мен пәні қалыптастырушы қажетті шарттарды реттейтін ғылым. Ол IV ғасырда қалыптасты, оны ойлап тапқан ежелгі грек философы – Аристотель. Логика («талдауға құрылған» - «сөз», «сөйлеу», «ойлау», «ақыл») - ойлау, оның формаларымен заңдылықтары туралы ғылым. Логика жалпы логикалық тәсілдерді (әдістерді) зерттейді. Логикалық әдістер адамның нақты өмірді тануында өте қажетті құрал болады. Ойлау мен таным қатар жүргендіктен логика таным теориясымен байланысады. Логика философияның негізгі бөлігі болып табылады, өйткені философия «оймен басталады, оймен жалғасады, сондықтан оны кейде «ойлау туралы ойлау» деп анықтайды.

*Ойынсыз, логикасыз, ертегісіз,
фантазиясыз толық мәтінде
ақыл-ой тәрбиесі болмайды.*

В. А. Сухомлинский

Логика мектепке баратын балаға не үшін керек? Себебі, әр жастағы кезеңде белгілі «қабат» қалыптасады, психологиялық функция реттеледі. Солайша, мектепке дейінгі кезең мектепке де қызмет етеді. Олардың маңыздысы - «миды пайдалану». Логикалық ойлауы жетіспейтін балаға, жаттығуларды орындау үшін көп уақыт және көп күш кетеді. Соңында баланың денсаулығы зардап шегуі мүмкін. Әлсіз болады, оқуға деген талпынысы кеміп, қызығушылығы азаяды. Логикалық ойлауы жетілген бала жан-жағына мұқият болады, түсінікті ойлай алатын болады, басқаларға өзінікі дұрыс екенін жеткізеді. Оқу қиындық туғызбайды, яғни оқу процесі мен мектеп өмірі бақыт пен қуаныш әкеледі.

Мектепке дейінгі кезеңде заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің арасындағы байланыстар мен қатынастарды бөлу мен пайдалануды та-

лап ететін күрделі де сан алуан міндеттерді баланың шешуіне тура келеді. Логикалық ойлауды дамыту барысында оқу және еңбек тапсырмаларын орындауда бала үйреніп алған іс-әрекеттерді жай ғана пайдаланып қана қоймайды, жаңа нәтижелер ала отырып олардың тұрақты түрін өзгертеді. Осы жастағы балалардың жылдың соңына дейін абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дами түседі. Бірақ тәжірибе түрінде, бала затты көрмей тұрса, берген сұраққа толық жауап бере алмайды. Ол үшін бала ойлаудың барлық операцияларын жақсы қабылдауы тиіс.

Мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын педагогтер мен тәрбиешілер, ата-аналар балаларымен жылдың қай мезгілінде болмасын далаға шығып серуендегенде, әртүрлі ойын ойнағанда осы ойлату әдісіне баса көңіл бөлу қажет. Бала бойына ерекше әсер етіп, түрткі болатын айналадағы өлі және тірі табиғаттардың сан түрлі құбылыстарымен танысуы қажет. К. Д. Ушинский – баланың табиғатпен жастай танысуын дамытудың, оның өзіндік логикалық ойын, сөздік қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірлік дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. В. С. Мухина бойынша логикалық ойлауды дамыту үшін іс-әрекеттерді нақтылы заттармен жағдайлардың орнына белгілер түріндегі сөздер, сандар арқылы игерудің алғы шарттары, бұрын айтылғандағыдай, сәбилік шақтың соңында, бала санасының белгілері функциясы қалыптаса басталғанда қаланады. Бала бір затты белгілеуге өзге бір заттың, суреттің, сөздің көмегімен оның орнын ауыстыруға болатындығын түсіне бастайды. Әйтсе де, өздігінен ойлау міндеттерін шешуге сөз бен белгілердің басқа түрлерін бала қолдана алмайды.

Ұлы педагог В. А. Сухомлинский «Ойынсыз, логикасыз, ертегісіз, фантазиясыз толық мәтінде ақыл-ой тәрбиесі болмайды» деп атап көрсеткен. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда балалардың ой-өрісін дамытуда оң әсерін тигізеді. Со-

нымен бірге, логикалық тапсырмаларды орындаған кезде ойлау қабілеті арта түседі. Баланың логикалық ойлауын дамытудың әдіс-тәсілдері әрекетін дамыту мәселесіне байланысты жазылған еңбектерді талдай отырып, оның тарихы және әлеуметтік түп тамыры бар екені және оған арналып еңбектер жазылғаны белгілі болды. Бірақ, заман ағымы мен уақыт талабы бұл мәселені жаңаша шешуді, оны дамытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін іздестіруді талап етеді. Әрекеттік жақындасу балаларды логикалық ойлау іс-әрекеттеріне итермелейді. Әрекеттік жуықтаудың негізіне әрекет теориясы жатады. Оның негізі: жеке тұлға әрекетте қалыптасады, бұл туралы қытай даналығында былай делінген: «Мағанайт-менұмытыпқаламын; маған көрсет - мен есімде сақтаймын; маған өзіме жасауға бер - мен үйренемін». Ол үшін оқыту процесін ұйымдастыратын педагогтерге әрекеттің құрылымын білу өте маңызды. Оның негізгі түрлері: мотиві, мақсаты, мәселелері, мазмұны, құралдары, әдіс-тәсілдері және қорытынды.

Тәрбиешілер көптеген құралдар арқылы баланың логикалық ойлау қабілетіне, тәрбиелік шамасына әсер етуі керек. Балалармен тығыз жұмыс істеу жүйелілікті талап етеді. Осы орайда өз іс-тәжірибемнің тақырыбын «Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту» деп алуды жөн көрдім. Ойлау қабілеті жеке тұлғаның мәдени және рухани дамуына мүмкіндік туғызады, сонымен қатар бізге балалардың ойлау қабілетін дамытуда және негізгі ғылымға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуді көздейді. Тақырыптың мазмұны, құрылымы, әдістемелік бағыты да осымен негізделген.

Іс - тәжірибенің мақсаты:

Баланың логикалық ойлауын дамытуды жетілдіру.

Іс-тәжірибенің міндеттері:

- ғылыми әдістемелерді, әдебиеттерді зерделеу, талдау;
- логикалық ойларын дамытуға арналған ойын түрлері мен әдіс-тәсілдерді қарастыру;
- алдына қойған мақсатын білім беру процесіне енгізу;

- жинақталған материалдармен тәжірибе алмасу.

Ғылыми болжамы:

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жұмысы нәтижелі болмақ, егер де:

- ғылыми әдістемелік еңбектерге талдау жасалса;
- Қазақстанда жүргізіліп жатқан іс-тәжірибемен танысатын болсақ;
- осы іс-тәжірибеге қатысты арнайы оқу-әдістемелік құралдар дайындалса, дидактикалық материалдар жасалса, онда біздің іс-тәжірибеміз оң нәтижесін береді.

Іс-тәжірибенің әдістері:

- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу, талдау; бақылау жүргізу, диагностика, мониторинг шығару;
- жас ерекшеліктеріне сәйкес білімділік, тәрбиелік талаптарды игеру деңгейін педагогикалық тұрғыдан анықтау /бақылау, зерттеу, диагностика, мониторинг/;
- осы негіздегі барлық жұмыстарда отбасымен қарым-қатынасты қалыптастыру.

Іс-тәжірибенің кезендері:

Бірінші кезең – 2015-2016 оқу жылы

Ғылыми-әдістемелік еңбектерді зерттеу талдау жұмыстары жасалды. Ойындар туралы материалдар жинақталды.

Екінші кезең – 2016-2017 оқу жылы

Методикалық материалдар жинау жалғастырылды және жүйеленді. Зерттеу мәселесінің бүгінгі таңдағы жайы анықталып, тәжірибелік-эксперимент жұмысы жүргізілді.

Үшінші кезең – 2017-2018 оқу жылы

Дидактикалық материалдар тақырыптар бойынша әзірленді, көзделген мақсатта қолданған әдіс-тәсілдер тиімділігі айқындалып жүйеленді. Арнайы оқу-әдістемелік құралдары дайындалу үстінде.

Тақырыбының жаңашылдығы:

- логикалық ойын дамыту бойынша материалдарының жүйелілігі;
- оқыту қызметін ұйымдастыру барысындағы қажеттілік.

Күгілетін нәтиже: Зерттеу іс-әрекет нәтижесінде балалар логикалық ойлай алады, талдайды. Олардың ойлау қабілеті белсенді дамып, өз ой-

ларын қортындылайды. Зерек бола бастайды, анық және нақты ойлауды үйренеді, дер кезінде ойын жинақтап, шешім қабылдайды. Көрнекі-бейнелі ойлауын, танымдық белсенділігі, есте сақтау, қабылдау, қиялдау және алдын-ала ойлаған ойын жүзеге асыруға деген ынтасы жетіледі, ойынға деген қызығушылықтары дамып, саусақ бұлшық еттері дамып, ерікті белсенділік жетіледі. Математикалық қарапайым түсініктерді қалыптастыруда, салыстыруда, теңестіруде, ой қорыту және ауызша мысал есептер шығару дағдылары қалыптасты. Жүйелі жүргізілген іс-тәжірибе негізіндегі үлгі іс-әрекеттер, дидактикалық материалдар, ойын жаттығулары арқылы балалардың уақыт, кеңістік бағдарлауы, сан, санау, есептеу және көлемді пішіндер туралы түсініктер тереңдетіледі.

Мектепке дейінгі балалардың оқыту іс-әрекетінде логикалық қабілеттерін дамытуды жетілдіру мақсатындағы жұмыстың нәтижелігі:

- Зерттеу іс-әрекет нәтижесінде балалардың ойлау дағдылары қалыптасады;
- Анализдеу, синтездеу, салыстыру, теңестіру, ой қорыту және ауызша мысал есептер шығару дағдылары қалыптасады;
- Үлгі іс-әрекеттер, дидактикалық материалдар, ойын жаттығулары арқылы балалардың логикалық қабілеттері дамиды;
- Танымдық қызығушылығы, шығармашылық қабілеті, тілдері дамып, өз бетімен жұмыс істеуге ынталанады;
- Саусақтар бұлшық еттері дамиды;
- Мақсатына жетуге деген талпынысы, шыдамдылыққа, төзімділікке, қиындықты жеңе білуге тәрбиеленеді.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы»
2. Тихомирова Л. Ф. «Логика. Дети 5 – 7 лет» Ярославль: Академия развития: Академия Холдинг, 2000 ж
3. Береславский Л. Я.. «Азбука логика», 2001 ж.

ОБУЧЕНИЕ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В КАЗАХСКИХ ГРУППАХ ДЕТСКИХ САДОВ

Азенова Б. А.,
учитель русского языка
ясли-сада № 62 «Нұрсәуле» г. Астаны

К. Д. Ушинский писал: «Дитя приучается в несколько месяцев так говорить на иностранном языке, как не может научиться в несколько лет». Возможности раннего возраста в овладении другим языком поистине велики.

Обучение русскому языку в детском саду проводится во II младшей, средней, старшей и подготовительной к школе группах.

Для реализации положительных возможностей дошкольников в обучении русскому языку работа строится мной на основе четко продуманной методической системы, учитывающей возрастные

особенности детей 3-6 лет. В процессе обучения дети учатся воспринимать и понимать русскую речь на слух и говорить по-русски в пределах доступной им тематики, усвоенных слов, грамматических форм, синтаксических конструкций и несложных образцов связной речи.

Основной формой обучения русскому языку является организованная учебная деятельность. Главная цель - вызвать речевую активность детей, стимулировать разговорную речь, добиваться правильности произношения звуков русской речи. Планируя работу по обучению детей русскому языку, я учитываю спец-

ифику полиязычия, речевую обстановку в группе, в семьях, уровень понимания детьми русского языка. Каждое занятие предусматривает комплексное решение речевых задач, где независимо от темы и конкретных задач, одновременно ведется работа над фонетическими, лексическими, грамматическими аспектами языка, формируются навыки связной речи.

Структура занятия включает следующее:

- организационный момент;
- лексика - закрепление слов, изученных на предыдущем занятии, введение новой лексики;
- фонетика - артикуляция звуков русского языка, произношение звуков в русских словах, игры и упражнения на закрепление звуков;
- связная речь - рассматривание сюжетных картин, беседа и составление рассказов по данному образцу; составление рассказов-описаний; рассказы о событиях личной жизни, пересказ небольших художественных произведений;
- грамматика - игры и упражнения на усвоение грамматических форм (род, число, падеж) русского языка;
- игры и упражнения на закрепление темы; заучивание стихотворений, рифмовок; рассказывание сказок и т. д.

Все основные методы обучения подкрепляются на занятиях соответствующими наглядными пособиями - показом предметов, картинок, игрушек, муляжей и т. д. Чтобы русское слово прочно вошло в память ребенка без перевода на родной язык, необходимо подключать не только зрение и слух (название предметов), но и осязание (потрогать предмет), обоняние (понюхать), вкус. Наглядное обучение помогает сознательному усвоению русского языка детьми. Демонстрация предметов в натуре или их изображений на картине делает занятие живым, интересным.

В центре внимания постоянно находится работа по формированию и совершенствованию у детей умений и навыков

правильного произношения, устранению имеющихся недостатков. На каждом занятии проводится 2 - 3-х минутное фонетическое упражнение, направленное на развитие фонематического слуха детей, выработку произносительных умений и навыков. Такое упражнение может проводиться в форме игр «Эхо», «Часы», «Цепочка» и др., рекомендуемых программой.

Для детей 3-х лет проводятся физкультурминутки на развитие фонематического слуха, например:

Игра «Зарядка». Дети выполняют движения согласно тексту стихотворения.

Каждый день по утрам
Делаем зарядку.
Очень нравится нам
Делать по порядку:
Весело шагать,
Весело шагать,
Руки поднимать,
Руки опускать
Руки поднимать,
Руки опускать
Приседать и вставать
Прыгать и скакать.

Для закрепления новых слов на каждом занятии широко используются разнообразные игровые упражнения и ситуации. К примеру, игра «Расставим кукле мебель» (закрепление названий предметов мебели). На столе - кукла, детская мебель, машина. Учитель: «Дети, наша кукла Маша переехала на новую квартиру. Она купила себе новую мебель. Мебель привезли на машине. Поможем Маше разгрузить мебель» (педагог вызывает по очереди детей и предлагает им найти в машине нужную вещь).

Эффективный метод обогащения словарного запаса детей – игры - драматизации по сюжетам стихотворений, русских народных сказок, произведений русских писателей, которые способствуют закреплению новой лексики, формированию умения строить диалог и связные тексты.

В таких играх хотят участвовать даже молчаливые, малоактивные дети. Также дети легко усваивают лексику и грамматику, драматизируя сказки на русском языке.

Обучение лексическому аспекту речи на занятиях строится с опорой на наглядность: игрушки, картинки, изображение действий, жесты, мимика. Словарный запас включает лексику по темам, хорошо известным детям в их повседневной жизни: «Игры и игрушки», «Семья», «Дом», «Животные» и т. д. Отобранная лексика носит конкретный характер. В основном дети узнают названия предметов материального мира, название типичных действий и признаков предметов, которые им уже знакомы на родном языке. Лексика вводится постепенно большими тематическими группами и отрабатывается в различных играх. Слова вводятся не изолированно, а в сочетании с другими словами или в осмысленной ситуации в игре.

Обучение грамматике представляет определенные трудности. Овладение грамматическими навыками строится на базе речевых образцов с использованием принципа аналогии с родным языком. Ребенок должен осознать, что любой язык строится по своим законам, которые необходимо соблюдать, чтобы высказывание было понятно. Для этого можно использовать специально разработанные грамматические игры, сказки, истории и стихотворения. Важным является соблюдение этапности речевых навыков и умений. Ребенок воспринимает новое языковое явление, воспроизводит его под руководством учителя, включает это

языковое явление в свою речь в процессе игр, заданий, речевых упражнений.

Работа по обучению русскому языку проводится и в свободное от занятий время.

С целью развития интереса к языку и желания говорить на нем следует закреплять те умения и навыки русской разговорной речи, которые дети получили на занятиях, проводить индивидуальную работу с детьми, вводить некоторые новые слова и выражения в естественной ситуации, вести активную работу с родителями: консультации, мастер-классы, приглашение родителей на открытые уроки.

Владеть другим языком – значит иметь вторую душу

Карл Великий

Осознание дошкольниками речи, формирование представлений о слове, усвоение его семантики, вычленение языковых средств выразительности и образности речи способствуют усвоению языка в детском саду и тем самым решают проблему подготовки ребенка к школе в плане его речевого развития. К моменту поступления в школу у дошкольников должны быть сформированы отношение к речи как языковой действительности, первоначальное представление о слове как языковой единице. Это имеет важное значение и для подготовки к обучению грамоте, и для изучения русского языка в начальной школе.

Литература:

1. Агурова Н. В., Гвоздецкая Н. Д. *Английский язык в детском саду.* – М., 2000.
2. Е.В. Колесникова. *Развитие фонематического слуха у детей 4-5 лет.* – Ювента, 2007.
3. Аркин Е. А. *Ребенок в дошкольные годы.* – М., 1998.

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ МҰРАТЫ - ТӘУЕЛСІЗДІК!

Сәмет Зағипа,

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Астана қаласы бойынша ПҚ БАИ, бас маман

Елбасы бастауымен ұлы жобалар, үлкен стратегиялық бастамалар, батыл шешімдер жасалып, еліміз жоғары жетістіктерге жетуде. Солардың бірі де бірегейі Елбасының - «Мәңгілік ел» идеясы.

«Мәңгілік ел» идеясы - халықтың әлауқатын жақсартып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелейтін жаңа қадам. Ал Елбасы аңсаған Мәңгілік елдің мұраты – еліміздің Мәңгілік тәуелсіздігі болатын.

Мен шетте туып, ержеткен қандастардың бірімін. Қазақ елі тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап, Елбасы алыстағы ағайынды елге шақырып, ұлы көштің бағытын Қазақстанға бұрды. Бұл ұлтын сүйген тұлғаның Мәңгілік елінің тағдыры мен ұзақ болашағын ойлаудан туған аса маңызды стратегиялық бастамасы еді. Өйткені орнықты мемлекет құру үшін адам күші, мемлекет құраушы ұлттың басымдылығы маңызды екені ақиқат, Елбасы осыны ерте ойлады. Шеттегі барлық қазақты бір тудың астына жиналуға шақырды. Мәңгілік елдің ірге тасын қалауға әлемдегі әрбір қазақ баласы мүдделі болуға тиісті деп білемін. Міне, сол іштегі ұлы бұлқыныстың жетегімен мен де Қазақ еліне ат басын тіредім. Қазақ елінде оқып, білім алдым. Талай жандарға арман болған тәуелсіз елдің Астанасында жұмысқа тұрдым. Күннен-күнге көркейіп, жарқырып жайнаған Астананың әрбір жетістігіне, еліміздің әр саладағы биік-белестерді бағындырған дамуына куә болып келемін. Ұрпағым осы тәуелсіз елде өсіп, ержетіп келеді. Ана жүрегіммен тәуелсіз еліміздің мәңгілік болуына тілекшімін. Әрі отанымыздың өркендеуіне, ұрпақ тәрбиесіне өз үлесімді қосқым келеді.

Дүниежүзі қазақтарының төртінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Мен әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенде оқуға және қазақ еліне қызмет етуге шақырамын. Қазір жаңа дәуірге қадам басқан Қазақстанға отаншыл, білімді жас мамандар

аса қажет. Жас қыздар мен жігіттер келіп оқитын болса, осында оқу бітіріп, мамандық алып, кейін ата-аналарын шақырып алатын шығар. Ол да қажет. Сондықтан шетелдерде техникалық білім алған қазақ жастарын индустриялық өндіріске жұмысқа тарту керек. Қажет болса, оларға әлеуметтік қолдау көрсетуді енгіземіз» - деген еді. Осы сөздерінен-ақ Елбасының білікті жастарға ерекше көңіл бөлетінін көреміз. Елбасының осындай сөздері шеттегі әрбір қазақ жастарына жігер береді, олардың атамекенге келіп, мәңгілік елдің іргетасын бірге қалауға шақырады. [1].

«Мәңгілік Ел» идеясының маңыздылығын Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауының негізі етіп алып, бұл туралы өз сөзінде: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат - Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол - «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті... Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» деген болатын. Халықты бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа үндеген Елбасының бұл жолдауында ел халқына үлкен жауапкершілік жүктелген. [2].

Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, орнықты қоғам құрып, елдігімізді нығайту, ел экономикасын көтеру басты мақсат болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, бабалар аманаты болатын.

«Мәңгілік Ел - ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты

Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - «Мәңгілік Ел» идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі - Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!», деп Елбасымыз атап көрсеткендей тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде жатыр. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет болып табылады. Бұл әрбіріміздің борышымыз. Әсіресе ұстаздар қауымы үлкен идеяны болашақ ұрпақтың санасына мықтап сіңіру керек деп білемін.

Жаңарудың, өміршеңдіктің негізі, болашақтың күші жастарда. Бұл үшін азаматтар тәлім-тәрбие мен ғылымға баса мән беріп, біліммен мықтап қарулануымыз, жастарды жаңа технологияны игеруге, шетелдің озық техникасын меңгеруге бейімдеуіміз қажет. Елдің экономикалық, рухани жағдайының дамып, өркендеуі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру елдің білім деңгейімен де тығыз байланысты. Қазіргі кезде бұл бағытта нәтижелі жұмыстар атқарылып та жатыр. Жастар Елбасының қамқорлығымен «Болашақ» бағдарламасының аясында шетелдерде білім алып, жастарымыздың білім көкжиегі кеңейуде. Шетел тәжірибесінің артықшылықтары мен кемшін тұстарына көз жеткізіп, санасына тоқып келіп, еліміздегі маңызды қызмет салаларында сол тәжірибелерін қолданып еңбек атқаруда. Бұның алғашқы нәтижелерін көре бастадық. Озық ойлы жастар елімізге жаңа жолдар ашуда. Бұл жастар ел тәуелсіздігінің мәңгілік болуына өзіндік үлестерін қосады деп сенеміз.

«Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Елбасының

Жолдауының да тарихи маңызы зор құжаттардың бірі екендігі даусыз. Президентіміз: «Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақ мерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы» - деп нақты атап өткен болатын. Көреген мемлекет басшысы ретінде Н. Ә. Назарбаев әлемде болып жатқан жағдайды саралап, еліміздің мүмкіндіктерін таразылай отырып, алдағы 15-17 жыл Қазақстанның ауқымды серпілісі үшін «мүмкіндіктер көзі» болатындығын болжамдап, оны еліміз үшін тиімді пайдалану қажеттігін және оның жолдарын нақтылап берді. Инновация, ғылыми қамтымды экономика, агроөнеркәсіптік кешен, энергетика мен көлік, инфрақұрылымды дамыту, білім беру мен денсаулық сақтау саласын, әлеуметтік сала қызметінің сапасын арттыру сынды нақты тапсырмалар жүктелді. Соның ішінде Президентіміз ел болашағының негізін қалаған уақыт сынынан өткен басты құндылықтарды атап өтті: бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы, қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, зайырлы қоғам және жоғары руханият, индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім, жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жетіп, елімізді нығайтып, ұлы жетістіктерімізді еселегендігімізді Елбасы ерекше атап өтті. [3].

Қазіргі кездегі жаһандану үдерісінде ғаламтор арқылы ақпараттық қолжетімділігі артып, жастарымыз әртүрлі ақпараттармен сусындауда. Сол себепті, ең әуелі ақпараттық қауіпсіздікті қолға алу маңызды деп білемін. Осы тұрғыда жастардың дұрыс біліммен сусындауына мән беру керек. Ол үшін жастарды адамгершілікке, сүйіспеншілікке, отаншылдыққа тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрімізді бойларына сіңіріп, дәріптеу, оларды еліне, жеріне, дәстүріне жанашыр азамат етіп тәрбиелеу керек. Әртүрлі ағымға бөліну қоғамның тыныштығына, бұлінуіне әкеліп соғады. Қазақ елінің

бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтармен сабақтасқан түрде жүзеге асады. Сол себептен де жастардың бойына қазаки құндылықтарды сіңіріп, өзіміздің рухани бай мұрамыздың құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу - алда тұрған басты міндеттердің бірі. Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік ел» идеясының көздегені де осы болатын, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тілімізді өркендету.

Н. Назарбаев өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік ел бола алатынымызды қадап айтқан болатын.

«Мен «Мәңгілік Ел» ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары, Қазақстан 2050 стратегиясының түпқазығы етіп алдым. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екенін барлығымыз білеміз. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан кешкен тарихи шындығы. Өзара алауыздықпен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жібергенін де білеміз. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – «Мәңгілік Ел» біздің өзіміздің қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да

болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. «Қазақстан 2050» мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, сүйікті халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын. Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын. Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін елдігіміз мәңгілік!», - деп үлкен тебіреніспен, терең ой айтқан еді. [4].

Біз, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ үшін Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруға өз үлесімізді қосып, тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуы үшін күресуіміз керек. Ел болашағы жастар болғандықтан олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптастыруға күш салуымыз керек.

Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастарымыз бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай, желбірете білуі тиіс. Өйткені, бұл ұланбайтақ жеріміз, ұлы тәуелсіздігіміз рухты батырларымыздың қанымен, ерлігімен келді. Ел тізгінін ұстаған кемеңгер көшбасшы Н. Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясының орындалуына ел болып атсалысуымыз керек. «Мәңгілік Ел» біздің болашағымыз! Мәңгілік Елдің мұраты – тәуелсіздік!

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйлеген сөзі. 25.05.2011ж. [1].
2. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». http://www.inform.kz/kz/elbasy-nursultan-nazarbaev-kazakstan-zholy-2050-bir-maksat-bir-mudde-bir-bolashak-zholdaudyn-tolyk-matini_a2622266 [2].
3. Елбасының «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы - [3]. [4].

МӘҢГІЛІК ЕЛ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Серкебаева Р. Н.,
директор специальной (коррекционной)
школы-интерната № 5 г. Алматы

В Послании Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» есть та-

кие слова: «Сегодня Казахстан - состоявшееся молодое государство, чьи достижения, так же как и инициативы признаются мировым сообществом. И самое главное, наша страна имеет огромный потенциал и перспективы

развития».

Основная задача, которую ставит перед народом глава государства и озвучивает во всех посланиях – сохраняя все, чего мы достигли за годы суверенитета, продолжить устойчивое развитие в XXI веке. Мәңгілік Ел – это наша ответственность перед поколениями народа Казахстана, наша стратегия развития Казахстана, определяющая задачи на десятилетия вперед. А это значит, что у нашей страны большое будущее.

Как мы уже знаем, в патриотическом акте «Мәңгілік Ел» представлена национальная идея, в основе которой лежат все ключевые ценности, о которых мечтали наши отцы и деды, наши предки. Нашему подрастающему поколению предстоит сохранить наши ценности и строить будущее страны. Воспитание казахстанского патриотизма является неотъемлемой частью сохранения духовности и культуры народа. И нам, педагогам, принадлежит важная роль в реализации программы «Мәңгілік Ел», представленной президентом страны.

Воспитание патриота, гражданина начинается с раннего возраста. В этом возрасте закладываются понятия «Я и моя семья», «Мой родной край», «Мой город - моя страна», «Мир вокруг нас», «Я и мои друзья», «В здоровом теле - здоровый дух». В данной статье рассматриваются некоторые аспекты духовно-нравственного становления детей и подростков с нарушением слуха, их жизненное самоопределение как важнейшей составляющей воспитания и социализации. Формирование основополагающих понятий у детей с нарушениями слуха связано с определенными трудностями вследствие особенностей восприятия отвлеченных понятий, особенностей абстрактного мышления и потому требует специального подхода. Задача учителей и воспитателей, работающих с детьми с нарушениями слуха – осуществлять патриотическое и духовно-нравственное воспитание, всесторонне развивать здоровое чувство патриотизма.

Спектр школьных мероприятий «Мәңгілік Ел-рухани жаңғыру» весьма широк и многообразен. Общенациональная идея «Мәңгілік Ел» стала красной нитью не только на уроках, но и на всех воспитательных мероприятиях, проводимых в нашем интернате. Кроме того

учащиеся посещают разнообразные кружки. Все это воспитывает в них любовь к родине, расширяет диапазон знаний и представлений об окружающем мире, формирует умение преодолевать трудности. А участие детей в концертной деятельности способствует их творческому самовыражению и духовному росту, проявлению индивидуальности, формированию деловых и межличностных взаимоотношений в коллективе.

Невозможно представить патриотическое воспитание без празднования Дня конституции, Дня Независимости, Дня единства народа Казахстана. А одним из самых ярких традиционных коллективно-творческих дел в этом учебном году стало празднование национального праздника Наурыз. Прикосновение к истокам казахской культуры воспитывает не только чувство прекрасного, но и уважение к традициям своего народа. Народные игры, сказки помогают ощутить связь времен и поколений.

Ко Дню защитника Отечества проводятся военно-спортивные игры, старшеклассники участвуют в проекте «Вахта Памяти» - возлагают цветы к Вечному огню в парке 28 панфиловцев. Праздником для всей школы стал традиционный концерт к 9 мая. Интерес к культуре разных народов прививает участие в танцевальном ансамбле.

Вышеперечисленным памятным датам посвящаются тематические концерты, классные часы, воспитательные мероприятия, выставки детского творчества. Благодаря данной работе в лучшую сторону меняется поведение детей, их духовный мир, формируются моральные критерии, сплоченность, исчезают взаимные трения между детьми.

Также в школе-интернате по инициативе МО учителей русского языка и литературы проводятся литературные вечера, праздники и недели литературы, к примеру, в 2014-2015 учебном году «Біз – Қазақстан халқымыз» («Мы – народ Казахстана»), в 2015-2016 уч. году - «Халық ауыз әдебиеті» («Устное народное творчество»), в 2016-2017 уч. году - «Көркем сөзді сүй» («Любить художественное слово»).

В 2016-2017 учебном году были разработаны и проведены уроки, посвященные 25-летию Независимости РК, воспитательные часы, неделя, посвященная государ-

ственной символике, заседание круглого стола.

Расширению общего и художественного кругозора воспитанников, общей и специальной культуры, формированию эстетических чувств содействует регулярное посещение выставок, музеев и театров г. Алматы, открывающих для детей новые миры и возможности. Задачей школы является формирование у школьников чувств сопричастности к истории и ответственности за будущее. Духовно – нравственному воспитанию учащихся способствуют различные экскурсионные программы, которые разрабатываются классными руководителями и учителями – предметниками в соответствии со школьным курсом. Вся экскурсионная деятельность делится на два основных направления:

1) Экскурсии, осуществляющие сопровождение учебного процесса и предоставляющие дополнительную информацию к предметам основного образования.

2) Экскурсии, направленные на расширение мировоззрения и эстетическо-культурное развитие.

Организация экскурсий предоставляет учащимся дополнительное образование и реализует те программы, которые ставит перед школой современное общество. В августе этого года учащиеся школы побывали в Астане на международной выставке ЭКСПО.

В школе постоянно проводятся лекции и беседы с участием врачей ГЦФЗОЖ на различные актуальные темы, к примеру, «Твое здоровье и личная гигиена», «Твое здоровье и питание».

Немалое внимание школа уделяет и трудовому воспитанию. Основополагающей идеей этого направления является систематический, совместный, созидательный, творческий, социально значимый труд. Целями трудового воспитания в школе являются совершенствование навыка организации коллективного труда, уважение к труду и людям труда, воспитание бережливости, аккуратности, ответственности за результаты труда, вооружение учащихся основными трудовыми умениями и навыками, необходимыми для их дальнейшей социализации. Учащиеся школы привлекаются к общественно значимым делам: дежурство классов по школе и в столовой, уборка классных комнат и других школьных помещений, участие в субботниках по благоустройству и уборке территории

школы. С особым удовольствием дети ухаживают за животными и растениями в живом уголке, на станции Юных натуралистов. Еще одним важным направлением трудового воспитания является профориентационная работа. Учащиеся школы посетили в дни открытых дверей высшие и средние учебные заведения города, участвовали в различных мастер – классах.

Дети должны жить в мире духовности, красоты, музыки и творчества

В. А. Сухомлинский

Проводя большую духовно-нравственную работу, учителя начальных классов и учителя-предметники развивают у учащихся как интерес к предлагаемым проблемам, так и их творческие способности. Я считаю, что успешная реализация концепции «Мәңгілік Ел – рухани жаңғыру» по вопросам воспитания и духовного обновления возможна только при тесном сотрудничестве всех субъектов педагогического процесса. И особо важно здесь сотрудничество с семьей. Объединение педагогов, детей и родителей в совместной работе по приобщению к духовному миру позволит усовершенствовать воспитательный процесс: закрепятся традиции, созданные в школе, расширятся возможности для самореализации и самосовершенствования обучающихся через различные формы воспитательных мероприятий, систему дополнительного образования.

В заключение хочется отметить, что работа педагогов в школе-интернате № 5 для детей с нарушениями слуха по формированию казахстанского патриотизма и духовного обновления является системной, многоплановой, повседневной, а направляет их в решении этих задач слова лидера нации Н. А. Назарбаева: «Воспитание детей – это огромные инвестиции в будущее». Сегодня очень важно не сформировать, а найти, поддержать, развить Человека в человеке и заложить в нем механизмы саморазвития, саморегуляции и самореализации, помочь молодому человеку жить в мире и согласии с людьми, природой, культурой, цивилизацией.